Қорыта айтқанда, әр дене тәрбиесінің мұғалімі, әр жаттықтырушы спорттық жарақаттардың пайда болу себептері мен жағдайларын білуге және жедел медициналық көмек көрсетуге дайын болуға тиіс. Тек сонда ғана жаттығушыны жарақаттанудан, олардың асқынуынан сақтандыруға болады.

Әдебиеттер:

1. Ю.Телеуғалиев. Дене тәрбиесі. Оқу-әдістемелік құрал. «Жазушы» Алматы. 2016
2. Қазақша-орысша орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Дене тәрбиесі және спорт. 31т. Республикалық мемлекеттік «Рауан» баспасы. Алматы 2013
3. С.И. Қасымбекова., В.Г.Герасименко. Дене тәрбиесі оқушы жастарды сауықтыру үшін тренажерлерді пайдалану. Алматы «Мектеп» 2015

PHILOLOGICAL SCIENCES

Language, speech, speech communication

Dzharkimbekova Nazikha Karzhaubekovna- Ph.D., Associate Professor

South Kazakhstan State Medical Academy

Kazakhstan, Shymkent

IMPORTANCE OF ENGLISH TO CAREER OF DOCTOR

Abstract

Knowledge of languages — especially international English — is a need for specialists. They will have perspectives to work in abroad, help to their career , make useful acquaintances and grow professionally.

Key words: English medicine, perspectives, medical education.

Language learning begins at school, continues at the university and then at the postgraduate stage. At school, students gain everyday communication skills, get acquainted with the history of England, its traditions and customs. Students get acquainted with the phonetic, grammatical and lexical structure of the English language. Of course, mastering any foreign language is a difficult and time-consuming task, requiring a lot of time. And if in primary school students pay enough attention to the language being studied, then as they grow up and determine their future prospects, interest in the language decreases or even comes to naught. Thus, by the time of admission to the university, the level of students turns out to be completely different: from quite high to almost zero. Upon admission to a university of a non-linguistic profile, knowledge of English is not checked, students are randomly assigned to groups. Therefore, students with different levels of English proficiency are in the same group [1].

In contrast to secondary school, students at the university or academy must master the basic general scientific terms and grammatical phenomena peculiar to the field of scientific knowledge in which they specialize, familiarize themselves with the style of scientific presentation, the basic scientific concepts characteristic of the English language in this scientific field. In this way, continuity and consistency of training are observed.

Accelerated exchange of information require knowledge of the language of international communication and, in particular, its special features and the use of terminology in the medical professions. Consequently, it becomes urgently necessary to acquire reading skills and a good understanding of the medical literature in the English language for progressing to the level required for communication with colleagues from the USA, Israel and other countries known for their significant achievements in the development of medicine[2].

Why should a doctor know English? First of all, it may seem that the doctor's knowledge of English is not the key aspect in professional growth. In fact, if you aim at the constant improvement of skills and want to work in a prestigious clinic, and even more so, to cooperate with your foreign colleagues, you must know English. Let's see how the knowledge of English helps a doctor.

1. The doctor who speaks English is better aware of current trends in medicine.

Knowing English, you can freely read foreign medical journals, most of the modern books on medicine; get acquainted with publications in the English language on medical websites. And, of course, in terms of volume and relevance, such information significantly compares favorably with the information available in Kazakh or Russian.

Knowledge of the English language allows you to improve skills continuously and keep abreast of advanced diagnostic and treatment methods.

But why English? Because of the fact that scientific publications, primarily, are available for a wide range of readers just in English, and it can take a lot of time before they will be translated into Russian or Kazakh. In the scientific community, and not only, English is the language of international communication.

2. Knowing English, you can get or continue medical education abroad.

If you are only going to be a doctor, you may enter a foreign university, and proficiency in English is one of the main conditions for the implementation of your plans.

You do not need a large sum of money to study at a foreign university. There are various training programs for prospective students, so that you can study abroad without spending too much money, but without knowledge of foreign languages, it is impossible. First and foremost, we are talking about English.

If you are already a general practitioner and would like to grow professionally, it is possible to do an internship in a foreign clinic, a refresher course and advanced professional training abroad to participate in international research projects in the field of medicine. But for this, you will also need knowledge of the English language.

3. Knowledge of English will allow you to participate in medical conferences abroad. Prestigious clinics are interested in ensuring their physicians' participation in various scientific events abroad, such as conferences devoted to medical issues. Therefore, if you work in a clinic or in research institute, you have the opportunity to make a business trip abroad, but for this, you need a good knowledge of English, because such events are usually held in English.

4. Knowledge of English will allow you to work in a team with foreign specialists. Many domestic clinics cooperate with foreign medical institutions, invite foreign experts to work or carry out consultations in difficult cases, to make a diagnosis jointly or to determine the methods of treatment of patients. In addition, doctors speaking English fluently, are invited to participate in international clinical trials

5. Knowledge of English allows the doctor to have an appointment with foreign patients in private clinics. Probably, if you work in a small clinic of a small town, only your compatriots will seek your medical advice. But, for example, in a private clinic of the capital city, cooperating with insurance companies, you can have foreign patients.

If you plan to work or undertake an internship abroad, you cannot do it without knowledge of the English language.

6. To know English is prestigious. Regardless of your occupation, whether you are a doctor or another specialist, if you can speak foreign languages, you will be considered more valuable asset in any company cooperating with foreign partners or not. Knowledge of the English language says about your education, emphasizes that you are a modern, open personality, aimed at self-improvement [2].

As you can see, a doctor has many reasons to learn English. The level of English must be quite high. The doctor must be familiar with medical terminology, be able to read and fully understand even the most difficult medical texts, have listening comprehensive skills, communicate with colleagues from other countries. The doctor should speak English clearly, so that the other person can understand every word, including medical “jaw-breakers”. Of course, all the doctors know Latin, it helps avoid any confusion in medical terms, but a living language is still necessary for dialogue. Even more, you cannot talk to foreign patients using the Latin language.

Having analyzed all the above mentioned points, we came to the conclusion that the English language was very important in medicine. This is the language that connects the knowledge and achievements of different countries, makes it possible to transfer the experience, skills and knowledge. In our time, every physician should know Medical English [3].

In conclusion we can say that further professional growth to a certain extent depends on his further language improvement, which he should already be engaged in independently. Participation in international scientific conferences, writing articles in English, communicating with foreign colleagues using electronic means (e-mail, Skype, telephone, Zoom, Youtube.), reading scientific publications in English on the Internet - all this should contribute to maintaining language competence at the proper level.

The list of literature:

1. Kolobaev V.K. Scientific review. Pedagogical sciences. – 2018. – № 6 – P. 20
2. «English in Medicine: A Course in Communication Skills»: Glendinning Eric H., Holmstrom Beverly. 2020
3. Skyeng: <https://skyeng.ru/articles/medicinskij-anglijskij/>

Жұмахан А., Акатаева Ш.Б.

Қазтұтынуодағы Қарағанды Университеті

Қазақстан, Қарағанды қ.

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІ

Орта ғасыр түркі шешендігіне қыпшақ тілінің ескерткіші қыпшақтар өмірін суреттейтін «Мұхаббат нама» поэмасын жатқызамыз. Авторы – Хорезми. Хорезми – көшпелі түркілер ортасында туып-өскен XIV ғасыр перзенті. Оның Хорезми аталуы да қыпшақтар мемлекетінің сол кездегі орталығы Хорезм қаласын мекен етуінен. Поэманың негізгі кейіпкері – Мұхаммед Хожабек-Құтлұғ Темірдің інісі. Құтлұғ Темір – (Қ.Салғариннің айтуынша) Алтын Орданың ханы Тоқтамысты өлтіріп, сарай тағына Едіге би отырғызған Алтын Орданың билеушісі. Мұхаммед Хожабек те 1349-1356 жылдары билік құрған, музыка, поэзияны қадірлеген, өзі ақын болған. Дастанның ұйғыр және араб әрпімен жазылған екі нұсқасы бар. Араб әрпіндегі нұсқасы Британия музейінде сақталған. Зерттеушілердің дені, мысалы В.В.Бартольд «Мұхаббат наманы» алтынордалық кітаптар тобына қосады. Плано Карпинидің айтуынша да, Сырдария бойын сол кезде қоныстанған тайпалар бір ғана қыпшақ тілінде сөйлеген және Алтынорда әмірлері ұйғыр жазуын пайдаланған. С.Аманжолов та «Мұхаббат наманы» оғыз-қыпшақтардың әдеби тіл дәуіріне жататын шығарма деп қарайды. Тарихи еңбектерде Алтын Орда дәуірінің ресми тілі қыпшақ тілі болғандығы айтылады.

Дастанның тілін зерттеген ғалымдардың ішіпде А.М.Щербак дастанның тілі ұйғыр тіл нормасына жатпайтынын, қазақ тілінің нормасына дәл келетінін айтқан еді. Р.Бердібаев өзінің «Жазба мұралар» атты зерттеуінде «Мұхаббат наманы», «Құтадғу білік», «Бабыр нама», «Оғыз намалармен» салыстыра келіп, «тілдік қоры, үйлесімі, үлгісі жағынан қазіргі қазақ тіліне жақындау екені күмәнсіз» деп табады. Оның үстіне, жырдағы ру аттары мен адам есімдері де (Қамбар ұғлы, Жәнібек хан, Мұхамед Қожабек, Қоңырат руы) қазақ тілінде бар атаулар Олай болса, бұл қыпшақ тілінің ескерткіші деуге келеді. Поэманың мазмұны терең, тілі бай. Әдебиетшілердің зерттеуінше 11 буынды екі жолды лирикалық өлең шумақтарынан құрылған.

Дастан мазмұны сұрақ, жауап ретінде баяндалған. Онда адамгершілік, ізгі ниеттер дәріптеліп, әділетке, тәубешілдікке, қанағатшылдыққа үндейді. Шах, сұлтан болғандардан рақымшылдық талап етіледі. Мұхамед Қожабекке арналған сөзінде оған жомарт, ақылды, жауға аш бөрідей тиетін арыстан бол, халыққа мейірімді, кең пейілді бол деп тілейді. Автор дастанда сыйластық, достық, махаббатты жырлайды: «махаббаттан мың түрлі сыр туындайды», «махаббат – қашып құтыла алмайтын қайғы», «махаббаттан өмір туындайды» т.б.

XIII ғасырдағы көне мұраларды сөз еткенде “Монғолдың құпия шежіресі”, “Алтын шежіре” сияқты көркем шежірелерді назардан тыс қалдыра алмаймыз.

Көне мұралардағы осынау құндылықтарды барынша жинақтаған, бір жүйеге түсірген тілші, ғалым Ә.Құрышжанов "Құпия шежірені" түркі-монғол халықтарының XIII-XIV ғасырлардағы тарих, тіл, әдебиетіне қатысты мұра деп тауып, тұңғыш рет ондағы мақал-мәтелдерді "Сөз атасы" жинағына енгізгендігін ерекше атап айтқан жөн.

Сондай-ақ, ғалым "Құпия шежіремен" мазмұндас, желілес "Алтын шежірені" де жоғары бағалай келіп: "Мұнда өткен уақыттардан (қазіргі кезде) белгілі болып жүрген түркі тайпалары аталады, сондықтан осы кітапшада көрсетілген мақал-мәтелдердің оларға да қатысы болу керек деп ойлаймыз. Мысалы: барлас, башқұр, булғар, жалайыр, қаңлы, қарлұқ, керейіт (керей), қият, қыпшақ, қырғыз, маңғыт (маңғытай), найман, татар, төлеңгіт, ұйғыр, үйсін, қоңырат" [1, 217], - деген ой айтады.

Неғұрлым адамзат тарихының тұңғығына енген сайын жалпы ұқсастықтардың молая түсетіндігі секілді, XIII ғасырдағы, тіптен одан да арғы кезеңдердегі бір мемлекеттік құрылымдағы этностардың мәдениетінде де ортақтастықтардың орын алуы - табиғи құбылыс. Десек те, ондай құндылықтардың кейіннен жеке ұлыс ретінде қалыптасқан халықтар мәдениетінде әр түрлі деңгейде көрінгендігі жасырын емес. Қайсыбір халықтар түпкі негізден мүлде қол үзсе, келесі біреулері негізгі ұстын етіп жалғастырған. Оған саяси-әлеуметтік, тарихи даму факторларының әсері де аз тимеген. Мәселеге осы қырынан келгенде, "Құпия шежіренің" айтары көп. Ендеше, төмендегі мақал-мәтелдердің шешен сөйлеудегі маңызы зор.

Дененің басы болғаны жақсы,
Тонның жағасы болғаны жақсы [2, 34].

Ер бала елін сүйер,
Қыз бала қырмызыны сүйер [2, 18].
Көп сұратып берсе – қадірлі болар,
Аз сұратып берсе – қадірсіз болар [2, 73].

Шын дос жол ортада қалмас болар [2, 15].

Көп адам – күшті,
Көк иірім су – қауіпті [2, 89].

Көпшілік – халық. Ал халықтан ұлы күш жоқ екендігін қазақ мақалдары да "Көп – қорқытады, терең – батырады" деп түйіп айтқан. Сөзбе сөз аударма

мақалдардың айтар ойы мен мағына бірлігін дәлелдеп жатуды қажет етпейді. Бұдан басқа да "Құпия шежіренің" бізге жетпеген түпнұсқасында болуы мүмкін, бірақ, қарастырылып отырған "шежіреде" жоқ "Алтын шежіреде" кездесетін мақалдар мен мәтелдерді де атап өтуді жөн санадық.

Олар: "Суда белгі, аспанда із жоқ", "Көп халық ыдыраса, аз халыққа жем болады", "Құрбан болғанды қошеметпен шығарады, қайта бұзылғанды қарумен шығарады", "Жақын жұрт көп қой, бірақ өз ойыңнан жақыны жоқ", "Астарлы шапан тоңдырмас, үш өрім жіп үзілмес", "Ескі шапан қанша жыртылса да, қараған баулауға жарайды", "Төбе би төрде өледі, ит ошақтың басында өледі" т.б.

Шыңғыс қаған ел тізгінін өгедей ұстауға лайық деп тауып, сөйле дегенде:

Қаған әкем рұқсат етіп, сөйле дегенде не айтарымды білмей тұрмын. Іштей алмаймын деп қайтіп айтамын. Істеуге тырысайын. Тек ұрпақтарым, немерешөберелерім:

Шөпке ораса,
Сиыр жемес,
Майға ораса,
Ит жемес,
Тышқан тұр ғой,
Бұланға тигізбес
болып жүрмегей.

Мен бұдан басқа не демекпін" [2, 181], - дейді.

Шешендікпен астасқан астарлы жауап, ертеңгі ұрпағының азып-тозуына алаңдайды. Риторикалық сұрақ түрінде айтылған шешендік толғаным жауап беріп жатуды қажет етпейді. Дегенмен, өгедей кейінгі ұрпағын алға тарта отырып, ел билігінің жолы – үлкендікі екенін ишаралап жеткізеді. Бұл толғаным Шыңғыс қаған заманында айтылса да, Абылай хан тұсында да өзектілік сипатын жоймай, оның кейінгі ұрпағына бағышталған. Демек, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ұлағатты сөз асыл ұрпақты азғындаудан сақтап, тектілікті еске салып отырған.

«Қайранда қалған шортандай, жағада қалған шала жансар сазандай» Темүжіннің жалғыз емес екендігін, әкесі өлсе де, қасында елі-жұрты бар екенін, енді елді біріктіріп, әскерді нығайту міндеті тұрғанын әсерлі, қуатты сөздердің күшімен жеткізіп, жұбатады. Осы жолдарды қуатты етіп тұрған эпитетті теңеулер ғана емес, анафоралы, эпифоралы қайталаулар, бұйрық мәнін беретін тұлғалар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Құрышжанов Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері –Алматы: Қайнар, 2001. - 460 б.
- 2 Моңғолдың құпия шежіресі (XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі)

/Монғолшадан аударған: Сұлтанияұлы М. –Алматы: өнер, 1998. -186 б.

3 Негимов С. Шешендік өнер. –Алматы: Ана тілі, 1997. -250 б.

4 Дүйсенәлиев Д. Қазақ халқының Ресей отаршылдығына қарсы Кенесары Қасымұлы бастаған 1837-1847 жылдардағы ұлт азаттық қозғалысы //Қазақ тарихы. –Алматы: Жалын, 1997. -480 б.

5 Лувсанданзан. Алтын шежіре (Шыңғыс хан қағанатының, көне түркі-монғол тайпаларының тарихы) /Монғол тілінен аударған: Мауқараұлы –Алматы: өнер, 1998 –224 б.

Соляник В. І.

Харківський національний педагогічний університет імені Г.С. Сковороди

МОВНІ ЗАСОБИ ВИРАЖЕННЯ РЕТРОСПЕКЦІЇ У ТВОРАХ У.С.МОЕМА

Категорія ретроспекції розглядається у сфері тимчасових і просторових понять і їхньої реалізації в мові. По суті ретроспекція є формою дисконтинууму. Вона – «перепочинок» у бігу лінійного розгортання тексту. Через дану категорію здійснюється той процес, без якого неможливе осмислення відбуваючихся дій. Саме ретроспекція лежить в основі створення емпіричного тезауруса реципієнта, завдяки якому він може проникнути в «зв'язок часів».

У більшості текстів творів У.С. Моема ретроспекція проявляється імпліцитно. Вона заснована на здатності нашої пам'яті втримувати раніше повідомлене й зчіплювати його з повідомлюваним у даному відрізку оповідання. Саме ця імпліцитність ретроспекції представляє великий простір уяві читача про «ступені минулості».

Актуальність теми обумовлена необхідністю всебічного лінгвістичного аналізу категорій тексту, виявлення їх специфічних ознак. Ряд проблем, які лежать в основі дослідження, носять універсальний характер і становлять інтерес для вивчення стилю художньої літератури в цілому. До таких проблем, зокрема, відносяться проблеми мотивації ретроспекції.

Введення нової змістовно-фактуальної інформації й повернення до вже виконавшим свою інформаційну функцію відрізка тексту передбачає певний відбір мовних засобів, що полегшує сприйняття ретроспективної інформації. У роботі виділяються лексико-граматичні індикатори, які підрозділяються на прямі й непрямі [2, с.165].

Прямі, над фазових виражені індикатори безпосередньо вводять ретроспекцію. Непрямі індикатори можуть бути виявлені тільки в результаті аналізу лексико-семантичних зв'язків дистанційно розташованих відрізків

тексту. Прямі індикатори формують над фазових ретроспекцію; непрямі-імплицитну.

Прямі лексичні індикатори можна згрупувати в такий спосіб:

- прислівники «*ago*», «*before*», «*earlier*», семантично співвіднесені з категорією ретроспекції;
- слова і вислови, об'єднанні значенням «*пам'ять*», «*пам'ятати*»;
- займенники-вказники “*that*”, “*those*” у поєднанні з посилювачами “*very*, *particular*” тощо.

Категоріальне поняття ретроспективності не ототожнюється з використанням певних граматичних форм. Сама по собі граматична форма виявляється недостатньою для того, щоб здійснити часове зрушення.

Одним з провідних прийомів формування імплицитної ретроспекції є повтор. Система лексичних і семантичних повторів сприяє переакцентуації раніше представленої інформації. Переакцентування пов'язане з визначенням характеру співвідношення змістовно-концептуальної (ЗКІ) і змістовно-фактуальної (ЗФІ) інформації у двох типах ретроспекції (композиційно-текстової й відсильної).

В текстах творі У.С. Моема можна виділити наступні види взаємодії змістовно-концептуальної й змістовно-фактуальної інформації при формуванні категорії ретроспекції шляхом повтору:

1) система повторів, що формують категорію ретроспекції, істотно не впливає на змістовно-фактуальну інформацію, але змінює змістовно-концептуальну інформацію;

2) система повторів змінює змістовно-фактуальну інформацію й змістовно-концептуальну інформацію;

3) система повторів істотно не змінює ні змістовно-фактуальну інформацію, ні змістовно-концептуальну інформацію.

Результати дослідження характеру переакцентуації й аналіз кількісних параметрів ретроспективних відрізків тексту твору У.С. Моема «На віллі» дозволили диференціювати стислу й розгорнуту ретроспекцію. У першому

випадку ретроспекція не виходить за межі речення, вона формується окремим словом або словосполученням, наприклад:

After two years at the front and a wound that had taken longer to heal than it should, he was glad to settle down quietly at Riviera for twelve months at least, and he felt already better for the journey... «We can take a house on the Rivera. I always wanted a boat of my own» [1, p.23].

Розгорнута ретроспекція не обмежується рамками одного речення. Нижня границя розгорнутої ретроспекції — одна сверхфазова єдність, верхню границю важко визначити, тому що ретроспективна частина може включати у себе трохи над-фазових єдностей, абзац або кілька абзаців.

Ретроспекція перетинається з інтроспекцією, але не збігається повністю. Основними критеріями, що дозволяють розмежувати інтроспекцію та ретроспекцію є: облік плану подій та облік просторового параметра, тобто розгляд того простору, в якому відбувається дія. Якщо має місце фіксація реального фізичного простору, у якому деякі події, що відбувалися у минулому, відбуваються чи можливо будуть відбуватися у майбутньому, такі контексти можуть бути віднесені до прояву текстової ретроспекції. Якщо ж оцінюється можливість чи бажаність майбутніх подій, майбутнє чи минуле, емоційний стан персонажа чи оцінка минулих подій, це не лише проспекція чи ретроспекція, а водночас і інтроспекція.

Література:

1. Моем У.С. На віллі.— Київська обласна організація товариства «Знання» УКСП «Кобза», 1995. — 80с. ISBN 5-7770-0646-9/
2. Разінкіна Н.М. Стилїстика англїйської наукової мови. — М.: Наука, 1972. — 304с.
3. Соляник В.І. Лексичні особливості відображення концепту ПРИРОДА в мовній картині світу Джека Лондона. — Materials of the XVIII International Scientific and Practical Conference “Science and Civilization - 2022”/ Vol.1. Science and Education Ltd. — Sheffield, 2022.— pp. 82-84. ISSN 2312-2773/

PHYSICS

Theoretical physics.

**Өскемен қаласы С. Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан Университеті
«Психология және педагогикалық коррекция»
кафедрасының сениор-лекторы, магистрі Матаева Б.Ү.
«Қолданбалы физика» мамандығының 1 курс студенті Нургазиева А.**

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМДАР

ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ МЕН САЛАЛАРЫ

Психологияның қазіргі даму кезеңінде әртүрлі ғылымдармен байланысы берік және табиғи болып байланысады, оның ішінде: философия, тарих, педагогика, медицина, әлеуметтану, экономика, биология, химия, физика және т. б. Бұл байланыстар, бір жағынан, психологияның адам психикасын, оның шығу тегі мен адамдардың өмірі мен қызметіндегі рөлін түсінуге әдіснамалық және теориялық тұрғыдан тереңірек қарау мүмкіндігін білдіреді. Екінші жағынан, психология- психикалық құбылыстар мен процестердің жүру жағдайлары мен ерекшеліктерін зерттей отырып, жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдарына объективті шындықтың заңдылықтарын дәлірек түсіндіруге, әлеуметтік және басқа құбылыстар мен процестердің себептілігін нақтылауға ықпал етеді. Қазір кезеңдегі психология — бұл өте ескі көзі және өте жас ғылым. Мың жылдық тарихы болғанымен, ол әлі де болашақта да қолданысқа ие. Ежелгі грек тілінен аудармада пән атауының өзі «психика» — жан, «логос» — ғылым, оқыту, яғни «жан туралы ғылым» дегенді білдіреді. Психология ғылым ретінде оны басқа ғылыми пәндерден ерекшелейтін ерекше қасиеттерге ие.

Психологияны дәлелденген білім жүйесі ретінде білетіндер аз, көбінесе тек онымен арнайы айналысатындар, ғылыми және практикалық мәселелерді біледі. Сонымен бірге, өмір құбылыстарының жүйесі ретінде психология әр адамға таныс. Осы негізде өзінің сезімдері, бейнелері, идеялары, есте сақтау, ойлау, сөйлеу, ерік, қиял, қызығушылықтар, мотивтер, қажеттіліктер, эмоциялар, сезімдер және тағы басқалар түрінде ұсынылған. Біз

негізгі психикалық құбылыстарды өзімізден тікелей анықтай аламыз және жанама түрде басқа адамдардан байқай аламыз. Психологияның зерттеу нәтижесі, ең алдымен, көптеген субъективті құбылыстарды қамтитын адамдар мен жануарлардың психикасы. Сезім мен қабылдау, зейін мен есте сақтау, қиял, ойлау және сөйлеу сияқты кейбіреулердің көмегімен адам әлемді танып біледі. Сондықтан оларды көбінесе танымдық процестер деп атайды. Басқа құбылыстар оның адамдармен қарым-қатынасын реттейді, оның әрекеттері мен қылықтарын тікелей басқарады. Оларды тұлғаның психикалық қасиеттері мен күйлері деп атайды (оларға қажеттіліктер, мотивтер, мақсаттар, қызығушылықтар, ерік, сезімдер мен эмоциялар, бейімділіктер мен қабілеттер, білім мен сана жатады). Сонымен қатар, психология адамның қарым-қатынасы мен мінез-құлқын, олардың психикалық құбылыстарға тәуелділігін және өз кезегінде психикалық құбылыстардың қалыптасуы мен дамуының оларға тәуелділігін зерттейді.

Қазіргі кезде психология- өте кең таралған ғылымдар жүйесі. Бұл салыстырмалы түрде дербес дамып келе жатқан ғылыми зерттеу салалары болып табылады. Оларды өз кезегінде іргелі және қолданбалы, жалпы және арнайы деп бөлуге болады. Біз психологияның кейбір салаларын ғана атаймыз: жалпы, әлеуметтік, педагогикалық, медициналық, жастық, құқықтық, генетикалық, әскери, инженерлік, дифференциалды, психофизиология, психодиагностика, патопсихология, психотерапия, басқару психологиясы, еңбек психологиясы және т.б. Психология ғылымы- жыл сайын қоғамға көбірек назар аударады, әр түрлі жастағы адамдарға, әлеуметтік мәртебесіне, біліміне қызығушылық тудырады. Психологиялық білімнің негіздері әр адамға өзінің күнделікті өмірінде және іс-әрекетінде қажет. Бұл психологияның қоғам дамуындағы гуманистік бағытты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаруға шақырылатындығын анықтайды және бұл қалыптасудың әр түрлі кезеңдеріндегі тәжірибенің әр түрлі салаларымен байланысты жоғары дәрежеге жеткен ғылыми пәндер жүйесі. Қазіргі заманғы психологияның қызықты және өте жаңа салалары экономикалық психология, экологиялық психология, жарнама психологиясы, тарихи психология, сауда психологиясы және т. б. жатады. Жалпы, психология әр түрлі бағытта қарқынды дамып келеді. Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу, еңбек қызметі, білім беру, тәрбиелеу, денсаулық сақтау салаларына қатысты психологиялық білімдерді мамандандыру процесі жүреді. Адам үшін оң нәтиже алу үшін психологиялық әсер ету әдістері жасалуда. Жан мен руханиятты

зерттеу оларды екінші деңгейге ысырғанымен, қазіргі кезеңде жалғастыруда. Бүгінде руханият ұғымы мистикалық немесе жай бейнелі көрініс емес сияқты. Оған өмірдің мәні, ар-ождан, жоғары адамгершілік құндылықтар мен сезімдер, идеялар, сенімдер кіреді. Сондықтан руханилықты басқа психикалық құбылыстар сияқты психологиялық әдістерді қолдана отырып зерттеуге болады.

Психология салаларын жіктеудің негізгі принципі деп әрекеттегі психиканың даму принципін айтады. Сондықтан психология салаларын жіктеудің негізі ретінде адамның іс-әрекетінің сан алуан түрлерін пайдаланады. Осының негізінде психологияның төмендегідей салалары бөлініп шығады:

Еңбек психологиясы адамның еңбек ету әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін, еңбекті ғылыми тұрғыда ұйымдастырудың психологиялық аспектілерін зерттейді

Педагогикалық психология адамға білім және тәрбие берудің психологиялық заңдылықтарын зерттейді. Ол оқушылардың ақыл-ойы мен ойлау жүйесін, дағдыларын қалыптастырудың, олардың оқу материалдарын меңгеруі мен ұстаз-шәкірт арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттеудің түйінді мәселелерін қарастырады.

Медициналық психология дәрігердің іс-әрекетінің және аурудың мінез-құлқының аспектілерін зерттейді.

Заң психологиясы құқыққа қатысты мәселелерді реттеу және оларды тәжірибе жүзінде қолданудың психологиялық мәселелерін зерттейді. Бұл сала сот психологиясы, қылмыс психологиясы, еңбекпен түзету психологиясы деп аталатын тармақтардан құралады.

Әскери психологиясы, әскери әрекеттер кезіндегі адамның мінез-құлқын, басшылар мен олардың қарамағындағылар арасындағы қатынастардың психологиялық жақтарын, әскери азаматтардың отаншылдық қасиеттерін қалыптастыру, психологиялық насихаттың және кері насихаттың тәсілдерін және т.б. мәселелерді зерттейді.

Спорт психологиясы спортшылардың іс-әрекетіндегі психологиялық ерекшеліктерін қарастырады. Спорт жетекшілері мен бағынушылардың өзара қарым-қатынасын, оларды даярлаудың жағдайын, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуін, психологиялық даярлығын іздестіре келе, оларды жаттықтыру және күш-қаутын жинақтау деңгейін, жарыстарды ұйымдастыру,

өткізу мәселелерінің психологиялық факторларын зерттейді. **Даму психологиясы**, әр адамның жасына байланысты психикалық заңдылықтарын, ерекшеліктерін, тұлғаның психологиялық қасиеттерін және әртүрлі психикалық үрдістердің онтогенезін зерттейді. Осы сала оқыту мен ақыл-ойдың дамуын және олардың өзара байланысы мен іргелі мәселелерін зерттеп, оқыту ісіндегі адамның ақыл-ойын, сана-сезімін жетілдірудің тиімді жолдарын түрлі әдістер арқылы өрістетуге болады деген мәселелерді қарастырады.

Арнайы психология. Бұл адам дамуының бірқалыпты даму жолынан ауытқуын, ми ауруына шалдыққандардың психикалық күйзелістері мен осы саладағы әр қилы аурулардың себептерін қарастырады.

Әлеуметтік психология адам мен қоғам арасындағы қатынас мәселелерімен айналысады. Бұл сала адамдардың белгілі бір негізде ұйымдасқан топтары мен кездейсоқ топтары арасындағы өзара қарым-қатынастағы психологиялық құбылыстардың сырын зерттейді.

Басқару психологиясы адам әрекетін тиімді түрде ұйымдастыру, басшылық ету ретінде қарастырылып, ұйымдастырудың белгілі бір мақсатын шешуге бағытталады.

Көркем, әдебиет пен ғылыми-шығармашылыққа қатысты психология. Соңғы кездерде зерттеле бастаған сала. Бұл сала бойынша әсемдікті қабылдау және оның адам жан дүниесін байытуға ықпал ету факторлары туралы мәселелер қарастырылады.

Әдебиеттер:

Маклаков А. Г. Общая психология. — 122–139 бб.

Аверин В. А. Психология личности. — 156–234 бб.3

Виллюнас В.К. Психология эмоциональных явлений. М.: Изд-во МГУ, 1976. 40-60б.

HISTORY

General history

А.Баербекова

*Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ.,
Қазақстан
магистр, аға оқытушы*

М.Нұртазин

*Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ.,
Қазақстан
«халықаралық қатынастар» мамандығының I курс студенті*

ТӨҢКЕРІСКЕ ДЕЙІНГІ ЗАҢ ҰҒЫМДАРЫН БІЛДІРЕТІН СӨЗДЕР

XIX ғасырдың екінші жартысында «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Айқап», «Қазақ», «Искра», «Новая жизнь» газеті, «Орал» газеті, «Трудовая жизнь» журналы, «Степная жизнь» газеті, «Қазақстан» газеті, «Садақ» атты қолжазба журнал, «Ешім даласы» газеттері мен журналдар шығып тұрды. Әсіресе, «ТУГ», «ДУГ», «Айқап», «Қазақ» газет-журналдарының 1917 жылғы төңкеріске дейінгі Қазақстанның мәдениетін, тарихын, экономикасын, әдебиеті мен тілін зерттеуде маңызы зор болды. Төңкеріске дейінгі мерзімді баспасөз материалдарын зерттеуші – ғалым Ү.Субханбердина «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар» атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткішінің кіріспе сөзінде былай дейді: «Ол газет-журналдарда басылған материалдар тарихи деректерге, архив нұсқаларына қосымша болумен қатар, оларды толықтырып, қазақ елінің революцияға дейінгі тарихынан, шаруашылық жайларынан, саяси, мәдени өмірінен көптеген мағлұматтар береді, бұлар ғылыми салыстыруға жарайтын, тарихи-әдебиеттік зерттеуді керек ететін соны материалдар болып табылады»[1,3].

Алғашқы қазақ газеттері мен журналдары – «ТУГ», «ДУГ», «Айқап», «Қазақ» қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен оның одан әрі дамуна өзіндік үлес қосқан, жаңа тілдік қолданыстардың айналымға еніп, тұрақталып, нормалануында үлкен рөл атқарған тілдік нұсқалар. Аталған алғашқы газет-журналдардың шығуы, олардың қазақ баспасөзі қалыптасуындағы орны, рөлі

туралы Ү.Субханбердина, Б.Кенжебаев, Н.Қаралиева, Б.Әбілқасымов, Х.Бекхожин, Б. Момынова, С. Сапина т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөз болады.

1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ тіліндегі заңдық, праволық ұғымдар, көбінесе алғашқы газет-журналдардағы бұйрық, жарлық, шағым хаттарда, арыз хаттарда көптеп кездеседі.

Заң терминдерінің түрлі жасалу жолдары бар. Бірқатар терминдер жалпытүркілік негізде жасалған болса, енді біреулері қазақ тілінің жалпыхалықтық төл лексикасының негізінде, ал бірсыпырасы басқа тілден ауысқан кірме сөздердің терминдік қызмет атқарып қалыптасуынан пайда болған. Әкімгершілік ұғымды білдіретін «хан», «тархан», «бек» сөздері көне түркі дәуірінен белгілі. Ал «жала», «күн», «айғақ» тәрізді қылмыстық құқыққа қатысты сөздер – байырғы қазақ тілінде бар атаулар. «Адвокат», «куә», «шара», «айып» сөздері – арап-парсы, орыс тілдерінен енген кірме сөздер болып табылады.

Алғашқы газеттер мен журналдарда «төре», «ұлық», «куғыншы», «жөкшы», «кесу», «жауапкер», «іс», «қорғаушы», «кепілге алу», «куә», «куәгер», «ықтияр» (құқық), «жаза», «билік» (решение), «низам» (заң), «ағару» (оправдание), «мойнына алу» (признание) т.б. терминдер құқықтық ұғымдардың атауы ретінде кең қолданылған.

«ТУГ»-та мынадай сөйлемдер кездеседі:

«Осы телеграф сым темірді жорта бұзғаны үшін айыпты адам Сібірге айдалып кетеді», «... айып оларда емес, қазіргі күндегі қазақтың қалыбында айып» сөйлемдер кездеседі [2,159].

«Айып» сөзі абстракт ұғым атауын білдіреді. Айыбы жоқ, айыбын мойнына алу, айыбын бетіне басты, айыбын жуды деген сияқты тіркестерде келеді. Ал «Жеті жарғыда» айып тартатын жазаның, яғни анық ұғымның атауы. Айып осы күнгі штраф терминімен бара-бар болғанымен, қалыптасу жолында «жаза», «төлеу» деген мағыналарды да қамтыған.

«Дау» термині де біраз ғасырлардың жемісі: дау-шар, дау төрт бұрышты, қалшен екі ұшты, дау сабасты (дауға түсті), дау-жанжал, дау айтты деген тіркестер бар. «ТУГ» газетінде: «Сырдария облысының облысқой мекемесінде судьяның қылған ісіне разы болмай қайтадан арыз берген үшін сөз алатұғын

даулар». «Дау» сөзі көптік жалғауда тұр [2,432]. Сонымен қатар, алғашқы газет-журналдарда –қар, -кер, -гер, -кес тәрізді жұрнақтар актив қолданылған. Мысалы, Түркістан генерал-губернаторынан шыққан бұйрықта: «Онан соң облыс мекемесі бәлен күнде осы іс тіркеліп сұралады деп, даугер мен жауапкер келсін деп шақыртады...»[2,540].

Сөйлемде «дау» сөзі –гер жұрнағын, ал «жауапкер» сөзі - кер жұрнағын қабылдап тұр. «Даугер» сөзі орыс тіліндегі «истец» сөзінің баламасы, «жауапкер» сөзі «ответчик» сөзінің баламасы.

XIX ғасырда бірнеше болыстың билері «билер сиезі» дегенді құрып, болысаралық, руаралық істерді де қарайтын болды. Осыған байланысты билер сиезі, шербішнай сиезі (чрезвычайный) деген сөз терминдері пайда болды.

1731 жылы 19 ақпанда император Анна Ивановна Әбілхайыр ханға және бүкіл қазақ халқына олардың Ресей қол астына ерікті түрде қабылданғаны туралы грамотаға қол қойып, Кіші жүз, одан соң Орта жүз бен Ұлы жүз Ресей құрамына енді. Патша өкіметі қазақтың әдет-ғұрып заңдарына өзгерістер енгізді.

Осыған орай үш түрлі заң атауы қолданылды. Билер сотын бұрынғыша – «заң» терминімен атап, бұрын синоним ретінде қолданылып жүрген әдет-ғұрып, жол сөздері терминдік мағына алған жоқ. Мұсылман хұқы – шарифат деп аталады да, хұқ сөзі қазақтың өз заңына да, орыстың империялық сотына да шатастырылмай қолданылды. Орыс өкіметінің әкелген жаңалығын сол күйінде – «закон» деп атады. Бұлай аталу себебі орыс империясы хұқының атын өзге екі заңнан айырып атау тенденциясы болуы керек.

Заң – закон сөзін орыстың заңы деген тәрізді эпитетпен атау болған. Сөйтіп, XIX ғасырда «закон» сөзі нормаға айнала бастады.

Алғашқы қазақ газеттерінде «заң» термині «заң», «низам», «закон», «зәкүн», «закун» деп әр түрлі беріліп отырған. Мысалы: «*Закон* бойынша апиын ауруларға дәрі қылып беретұғын жерде сатылады» [2, 37], «Егерім, бұл жұртқа келген соң дұнғандардан бір бұзық іс шықса, орыс *закуні*мен тергеліп сұрасын деп» [2,377], «...кейбіреуінен пара жеп, *зәкүн* үйретіп, аяғында бейшаралардың қылған арыздарын байға жақ болып жоқ қылып, бұзып жібереді» [2,421], «*Заңға* сыймайтұғын жаман кәсіпке араласпасқа жақсы себеп болар деп жазыпты», [2,198], «Оның үшін Дала уалаятының *низамы* қайта тексерілгенде мүмкін болса

өсімқорлардың тергеуі Түркістандағыдай орыс судьясының қолына келгені жақсы болар еді» [4,461].

«Іс» сөзі XIX ғасырда дело деген заң терминінен калька арқылы аударылған. Істі болды, қылмыс жасап айыпталды деген сияқты сөздер шықты.

«Қапал оязының қол астындағы полковник Тезек Абылайхан баласының алдында қосшы болып жүрген Наманген қаласының Бабажан Пайзибай баласы Қапал оязының судьясына бір *іс* бойынша жауапқа керек екен» [2,161].

«Куә», «айғақ» сөздері, қазақ сөздерінің қорында бұрыннан бар болса, империялық соттың келуімен бірге терминдік мәнге ие болды. Әдет-ғұрып заңы куә, айғақ дегенге көңіл бөлсе де терминдік мағына алмаған. Куә - болған істің ақиқатын растаушы, шындыққа айғақ болушы деген мағынада жұмсалады.

«Бұл нышан би «бұл істі мен қылғаным жоқ» деп, танса да көп кісі *айғақ* болып, мойнына салып беріпті» [2,328], «Дауы бар адам *куәсін* жә әлгі уәделі күнге алып келсе керек» [2,351].

«Сот» сөзі XIX ғасырдың басында «тритай суд» деген тіркесте жалпы билік атауы мағынасында жұмсалса, соңында ол белгілі әкімшілік орны мағынасында орныға түсті. Сот заң ісімен айналысатын мекеме де, ал судья іс жүргізуші адам болып қалыптасты.

«Алматы қаласының *судьясы* Аристов Жетісу облысының уаеннай губернатордың памощнигі болды» [2,533], «Шымкент оязының *сотының* памощнигі сұлтан Ахмет Кенесары баласына император патша қазіреті Анна деген орденнің үшінші дәрежесіне беріпті» [2,484]. Бір бұйрықта «сот» сөзі «судья» және «судия» деп екі түрлі қолданылған.

Алғашқы баспасөз беттерінде «жан алу», «жан беру» сөздері жиі қолданылған. Бұл тіркестер туралы алғашқы газеттер тілін зерттеуші С.Сапина кандидаттық диссертациясында: «Газет тілінде сот саласына қатысты актив қолданылатын тіркес - жан беру. Қазақтың әдет-ғұрып правосы бойынша егер би екі жақты бірдей тындап, өздігінен билік шығарарлық шешімге келе алмаса, істі жанмен шешуге мәжбүр болады, яғни жауапкердің ақтығына оның жақын туысы ант етуі, яғни «жан беруі» тиіс, жауапкердің ақтығына көзі жетпесе, өтірік жан бере алмайды, бас тартады, ол қылмысты мойындағанмен пара-пар. ТУГ-гі материалдар бойынша жан беру тіркесі жан алу, жан түсу тіркестерімен бірге «ант беру, ант алу» мағынасын берген. «Орыс законы бойынша куәдан сөз

сұрардың алдында жан бергізеді не сұрасам да расын айтасың деп... Судиа жан алмай жауап сұрай алмайды» [5,86-87] деген мәлімет беріледі.

Парсы тілінен енген сөздердің бір тобы туынды сөздер болып табылады. Олар төмендегі жұрнақ арқылы жасалған.

қар – осы шақтағы етістік «каридан» деген сөздің түбірінен жасалған. «Себу, егу» деген мағынада қолданылады. Хорезмидің «Махаббатнамасында»: «Айытқыл ән сөзи йалған жафакар», - деген сөйлем кездеседі [3,135]. Бұл сөйлемде «жафакар» сөзі «жапа келтіруші», «жәбір әкелуші» деген мағынада тұр. ТУГ-та «күнәкер» деген сөз кездеседі: «Егерім орысқа қарған орыс жұртына законнан қашып жүрген күнәкер адамнан болса, Хизаның бастығы оларды ұстап, жақындағы орыс бастығына берсе керек» [2,174].

Абай шығармаларындағы араб, парсы сөздерінің қолданылу ерекшелігін зерттеген ғалым Ж.Есеналиева: «Абай тілінде бұлардан басқа да көптеген біріккен сөздер кездеседі. Мәселен, пайғамбар, перизат, надан, қошамет, жәдігөй, жеке, ораза, дәрігер, даугер, күнәкер т.б. сөздердің бәрі де екі сөздің қосындысы», - дей келе: «Абай тілінде кездесетін біріккен сөздердің көбісі – парсы сөздерінің қосындысы мұның өзі Абайдың парсы тілінің сөз жасау жолдарын жақсы білгенін көрсетеді [3,124].

Сонымен, жоғарыда келтірілген сөздер – түгелімен біріккен, кейбірі кіріскен сөздер. Намазшам, адамзат, күнәкер, дауер сияқты сөздердің екі компоненті де айқын көрініп тұрғанын байқауға болады. Алайда кейбір біріккен сөздердің жекелеген компоненттері бұл сөздер сияқты айқын көрініп тұрған жоқ. Олар сабаз, абырой, надан, шыбық, даугер тәрізді болып бірімен бірі мейлінше жымдасып, жігін білдірмей кеткен [3,124]. ТУГ-та «күнәкер» формасында кездесе, ғалым Ж. Есеналиеваның айтуынша, Абай шығармаларында бұл сөз «күнәкәр» түрінде кездеседі. Яғни бір жұранқтың (кер және кәр) 2 варианты болғаны сөзсіз.

Түркістан генерал-губернаторының сұрақнамасында: «23-ші нөмірде ақ патша құзыреті менің арыз қылып сұрауым бойынша 2-ші нөмірде осы 1870-ші жылда өзінің кең көңілімменен ... [2,24], - деген сөйлемде «арыз» деген заңдық ұғымы кездеседі.

Ал «Абай» шығармаларындағы араб, парсы, сөздерінің барлығына дерлік ауыспалы шағына бере білеген. Ондай жәйттер өте көп. Абай тіліндегі «қағаз сөзі

де халық тілінде бар лексика. Ақын бұл сөзді парсы тіліндегі мағынасында қолданған: «Ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын....»

Ата – ананың қызметін,
Алған жардың қарызын
Өтелмей кеткен бейнетін
Қағазға жазған арызын.

Ал енді ауыспалы мағынада Абай «қағаз» сөзін документ, арыз, шағым мәнінде қолданады. Абайдың мұндай қолданысы сол кездегі ауызекі тілдің әсерінен болу керек.

Бұрынғыдай дәурен жоқ,
Ұлық жолы тарайды,
Өтірік берген қағаздың
Алды артына қарайды.

Қорыта келгенде, XIX ғасырдың II жартысында қазақ жеріне Ресей сот жүргізу жүйесінің келуімен сот-заң жүргізу ісіне көптеген өзгерістер енді, осыған байланысты бұл салада көптеген жаңа терминдер қолданыла бастады. Олардың біразы орыс тілінен енген сөздер болғанымен, қазақтың төл сөздері де терминдік мағынада жұмсала бастады. Бұл жайлы Б.Әбілқасымовтың «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» және Р.Сыздықтың «Абай шығармаларының тілі» мен «Қазақ әдеби тілінің тарихы» еңбектерінде жан-жақты сөз болады. XIX ғасырдың II жартысындағы әдеби тілдің терминдену процесіндегі заң саласының терминденуі ең тұрақталған, бір ізге молырақ түскен саласы екендігі туралы қортынды шығаруға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Субханбердина Ү. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. 2-бөлім. Алматы, 1963ж.
2. Түркістан уалаятының газеті / құрастырушы Ү.Субханбердина, Алматы: «Ғылым» баспа орталығы, 2003ж. – 602б.
3. Есеналиева Ж.Ж. Абай шығармаларындағы араб, парсы сөздерінің қолданылу ерекшелігі: фил.ғыл.кандидаттық диссертациясы. Алматы, 1993.
4. Дала уалаятының газеті / құрастырушы Ү.Субханбердина, Алматы: «Ғылым», 1994ж. – 814б.
5. Сапина С. «Түркістан уалаяты газетінің» лексикасы: фил.ғыл.кандидаттық диссертациясы.- Алматы, 2002.

ЖАКУПОВ ҚАЙРАТ*Ю-21-3 тобының студенті**Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. доцент***ЖАНГАБУЛОВА З.К.***Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің доценті***ҰЛЫТАУ – ТАРИХ ТҰНБАСЫ**

Ұлытауды тым көне, бізден алыс замандардың өзінде де ел мекендеп, құтты қоныс еткен. Жер асты дүниесін барлап, одан кен өндіріп, өндеп, оны тіршілік қажетіне жаратуды меңгерген бабаларымыздың адам таңқаларлық қарекетін Ұлытау өңіріне қатысты тілге тиек етеміз.

Бір ғана Милықұдық пен Сорқұдық көне кен орындары мен тұрақтары, Талдысай таңғажайыптары – сөзімізге дәлел. Ұлытау өңірінде «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғасының белгісіндей болып қалған жер-су атаулары қаншама! Бұланты, Білеуті, Діңнің моласы, Қалмақырылған т.с.с. атаулар - айтқанымыздың бұлтартпас дәлелі. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, аранын ашқан аштық, кәмпеске сияқты оқиғалардың ізіне түсірер тарихи атаулардың өзі бір төбе. Еңбегімен ел қажетін ашуға ұмтылған дихан, ұста, диірменші, мұғалім болып осы өңірдің өткен тарихында өшпес таңбасын қалдырған данқты тұлғалар есімдеріне байланысты қойылған жер-су атаулары еріксіз назарыңды аудартады.

Ұлытау ауданы тұрған жердің тарихы сонау көне замандардан бастау алады. Өңірдегі ең ежелгі ескерткіштердің көрнектісі - қола дәуіріне жатады. Кеңгір, Қара Кеңгір, Сары Кеңгір, Жыланды сияқты өзендердің бойында ежелден-ақ тайпалар қоныс тепкен. Ұлытау төңірегіндегі тас дәуірінің ескерткіштерін қола мәдениетінің ескерткіштері байыта түседі.

Ұлытау топонимдеріне талдау жасау барысында олардың көпшілігінің жалпы есім сөздер мен географиялық терминдердің тіркесуі арқылы жасалатынын байқадық. Ол сөздер мен терминдердің өн бойында қазақ халқының ертедегі көшпенді өмір тіршілігі мен мал кәсібінің көрінісі айқын сақталған.

Ұлытау өңіріндегі көне топонимдердің көпшілігі кісі аттарынан қойылған микротопонимдер боп келеді. Құрылыстарына қарай микротопонимдердің ішінде дара тұлғалылары да: Қәркен, Кемел, Оспан, Рахмет, Ижан, Игілік т.б. ; екі не үш құрамдылары да: Иманшеген, Иманбай, Киікбайтам, Мадиярбұлақ, Майдаттал т.б. бар. Бұл топонимдердің бірінші сыңарларында көбіне кісі есімі немесе анықтауыш сөздер тұрса, екінші сыңарларында апеллятивтер басым келеді, кейде екінші сыңарда етістік тұлғалы сөздер мен формалар кеңінен қолданыс табады.

Біз зерттеу ретінде алып отырған Ұлытау ауданындағы ертеден келе жатқан 300 шақты микротопонимдердің ішінде 150-дейі кісі аттарынан және олардың дені ер адамдар аттарынан қойылған. Мұның өзі сол кезде қоғам өмірінде, үй тіршілігінде еркектердің басты роль атқарғанын аңғартады. Бұлардың басым көпшілігі, яғни 200-дей атау екі не одан да көп құрамды да, бір құрамдылары 100-дейі ғана атау үлесіне тиген.

Көп құрамды топонимдердің жасалу заңдылықтарын білу - олардың жер сипаты мен шығу төркінін анықтауда көп септігін тигізеді, өйткені жаңа атаулардың шығуы «белгілі бір топонимдік реттердің, морфологиялық және семантикалық типтердің, сөз жасау тәсілдерінің пайда болуымен байланысты» болатыны белгілі.

Ұлытау топонимдеріне талдау жасау барысында олардың көпшілігінің жалпы есім сөздер мен географиялық терминдердің тіркесуі арқылы жасалатынын байқадық. Ол сөздер мен терминдердің өн бойында қазақ халқының ертедегі көшпенді өмір тіршілігі мен мал кәсібінің көрінісі айқын сақталған.

Өзінің құрылысы жағынан Ұлытау топонимдері - «анықтаушы пен анықталушы» құрамды тіркестерден, кейде екі, үш не төрт сөзден жасалған тіркестерден тұрады. Олар алуан түрлі тәсілдер арқылы жасалған.

1. Бірінші сыңары анықтаушы, екінші сыңары анықталушы сөз боп келетін екі зат есімнің тіркесуі арқылы жасалған топонимдер: Сарысу, Қаракеңгір, Кеңтабан, Кеңсай, Тұщыкөл, Кеңжыра, Жиделіөзен т. б.

2. Көптеген топонимдер адам аттарынан қойылып екі сыңары да зат есім сөздерден жасалған: Ділдәсарқыт, Жолтөбе, Жыланбұлақ, Қөжебай, Лақбайсай т. б. Мұндай топонимдердің саны тым мол. Т.Жанұзақов кісі аттарының географиялық атауларға, географиялық атаулардың кісі аттарына ауысуын айта келіп, сондай-ақ, ру аттарының кісі аттарына, ал кісі аттарының ру аттарына, соңғысының топонимдерге ауысып қойыла беретінін белгілі бір тарихи лингвистикалық заңдылықпен байланыстырады.

3. Көптеген топонимдер анықтаушы тұлғада сын есімдердің қатысуы арқылы жасалған: Жылысай, Жүндікұдық, Кеңтабан, Қарақойын, Сарытоған, Кішкенекөл, Сасыққұдық т.б.

4. Сан есім мен географиялық терминдердің тіркесуі арқылы жасалған атаулар: Жетіқыз, Қырыққыз, Қырыққұдық, Егізтөбе, Егізқара, Тоғызбай, Қырыққамыс, Бесшеген, Бестақыр, Қоскөл, Ащыкөл т. б.

5. Географиялық терминдер мен етістіктер тіркесі арқылы жасалған топонимдер өз алдына бір топ. А.Әбдірахманов мұндай топонимдік типтерді лексико-семантикалық тұрғыдан топтайды да, ілік септігі мен тәуелдік жалғауының қосымшалары арқылы жасалған топонимдерді ерекше атап етеді. Бұндай топонимдердің жасалуы белгілі бір жағдаймен байланысты. Мәселен, ол жерлерде кезінде белгілі бір адам мекендеген де, кейіннен ол жер сол адамның атымен аталып кеткен. Мысалы, Сандыбайдың шоқысы,

Сарманның құдығы, Қожакелдінің үш бұлағы, Кененбайдың тоғаны, Әбдінің алакөлі, Аянның бұлағы т.б.

Ұлытау аймағының көне топонимдері құрамында да зат есім мен етістіктен жасалған біріккен тұлғалы атаулар көп ұшырайды. Мәселен, Қалмаққырылған, Терісаққан, Тамқайнар т. б.

Бұл өңірдегі топонимдер құрамында да географиялық апелляциятивтер мен терминдер жиі қолданыс тапқан. Әсіресе, басым қолданылатындар: *көл, сор, су, өзен, сай, ағаш, ауыл, тоғай, төбе, жар* т. б. Қазіргі топонимдермен салыстырғанда, Ұлытау өңірінің көне топонимдері құрамында, әсіресе, *көл, құдық, сай* сияқты апелляциятивтер арқылы жасалған топонимдер жиі ұшырасады. Оның куәсі ретінде айтар дәлеліміз - 300 топонимнің ішінде 61 топоним *көл* сөзі, 18 топоним *құдық* сөзі, 25 топоним *сай* сөздерінің тіркесуі арқылы жасалған. Бұл дәлелдерге қарағанда, географиялық терминдер мен апелляциятивтер қазақ, жалпы түркі тілдеріндегі топонимдерді жасалуында негізгі арқау бола отырып, объектінің түрлері жайында толық мағлұмат береді.

Task-based Learning (TBL) is an English teaching approach that has roots in the Communicative Language Teaching method, where the teaching process is done entirely through communicative tasks. In order to fully acquire language, it must have real meaning by being used in natural contexts. Task-based learning is an approach to language learning where learners are given interactive tasks to complete. In order to do this, they need to communicate. Once the task is completed, then the teacher discusses the language used. Task-Based Learning (TBL) is a learning strategy that focuses on the development, execution, and delivery of tasks. This strategy has the students at the center of learning. Task-Based Learning is a distinct approach that offers valuable learning experiences to students. Task-Based Learning focuses on the completion of specific tasks as a means to achieve language learning goals. Students are presented with authentic and meaningful tasks that mirror real-world contexts, enabling them to develop their language skills through practical application. TBL places a strong emphasis on communicative competence, encouraging learners to actively engage in language production and interaction. By immersing students in relevant tasks, TBL promotes linguistic fluency, accuracy, and pragmatic competence. The tasks are designed to reflect real-world situations and provide learners with opportunities to use the target language in authentic contexts. TBL encourages learners to actively engage in language production, interaction, and negotiation of meaning. It promotes the development of linguistic fluency, accuracy, and pragmatic competence. In the following sections, we will delve deeper into the distinct characteristics of Task-Based Learning, examine its approach, learn objectives, timeframe, structure, and roles of teachers and students. By analyzing these aspects, we can gain a comprehensive

understanding of how this approach differ from other approaches e.g Project –based Learning and the unique benefits they offer to learners. So, let’s explore the fascinating world of Task-Based Learning.

In PBL approach students are presented with complex, real-world problems or challenges, and they work collaboratively to design and execute projects that address these issues. PBL nurtures inquiry, research, critical thinking, problem-solving, and creativity. It fosters the development of essential 21st-century skills such as collaboration, communication, and self-directed learning.

In Task-Based Learning, students are presented with tasks that require them to use the target language to achieve a specific goal. These tasks can be simulations of real-life situations or authentic activities that learners may encounter outside the classroom. For example, a task could involve planning a trip, conducting an interview, or solving a problem collaboratively. TBL emphasizes the use of the target language for meaningful communication rather than focusing solely on grammatical structures or vocabulary. Both TBL and PBL promote active student engagement. In TBL, learners actively engage in language production, interaction, and negotiation of meaning while completing tasks. Similarly, PBL encourages students to work collaboratively, analyze complex issues, and develop innovative solutions. Both approaches value the active participation of students in their learning process.

The primary learning objective of TBL is to develop communicative competence and language proficiency. By engaging in meaningful tasks, learners practice using the target language in authentic contexts. They develop their ability to express themselves fluently, accurately, and appropriately. TBL promotes the acquisition of vocabulary, grammar structures, and language functions needed for effective communication. Additionally, TBL helps learners develop pragmatic competence by understanding and using language in social and cultural contexts.

Through Task-Based Learning, students not only improve their language skills but also develop important strategies for communication. They learn to negotiate meaning, clarify information, and express their opinions. TBL encourages learners to become active participants in conversations and interactions, building their confidence

and ability to use the language fluently. Both TBL and PBL prioritize the development of communication skills. TBL focuses on developing communicative competence and language proficiency by engaging learners in meaningful tasks that reflect authentic language use. Task-Based Learning typically involves shorter, focused tasks with specific language learning goals. These tasks are designed to be completed within a relatively short timeframe, such as a single class session or a few sessions. TBL allows for targeted language practice and skill development in specific areas, providing students with immediate feedback and opportunities for improvement.

Structure and Organization Contrasts. TBL typically follows a clear task sequence to facilitate language acquisition and progression. Tasks are scaffolded in a way that allows learners to build upon their existing knowledge and skills. TBL often includes pre-task activities to activate prior knowledge, task performance activities where students complete the main task, and post-task activities for reflection and feedback. This structured approach helps learners develop language proficiency gradually and ensures a systematic progression in their language learning journey.

What is the role of the teacher in task based language teaching? TBLT requires instructors to support the students not only as they engage in learning activities but also at the moment of planning the language and learning tools that students need to tackle the task. In this method, instructors assume a more passive role in the classroom.

What are the task types in task based learning? Examples of TBL tasks can be interviews, story-telling, problem-solving, ranking discussions, etc. These activities are widely used in typical PPP textbooks as well. For a long period of time PPP, which stands for presentation, practice and production, has been the main lesson framework in EFL teaching. Willis, J. (1996) described the task-based framework as a model consisting of pre-task (introduction to topic and task), task cycle (task, planning, and report) and language focus (analysis and practice). This allows learners to focus on meaning by using whatever language they have in the first two stages and then only in the last stage is there an emphasis on form, on accuracy. Such a way of organizing a lesson has a number of advantages. First of all, students have regular opportunities to

practice skills and language they might need in real life. The element of planning in the task cycle encourages students to think about the language they need and results in better quality language use. Using tasks motivates students, because they want to achieve the task outcomes. As learners choose the 4 language needed themselves, they are more likely to absorb it. And finally, language focus in the last stage prevents learners from fossilization, and creates opportunities for individual improvement

Teacher and Student Roles in TBL vs. PBL. In TBL, the teacher acts as a facilitator, providing guidance and support to students as they engage in tasks. The teacher's role is to create an engaging and stimulating learning environment, select appropriate tasks, and provide clear instructions. They also monitor students' progress, offer feedback on language use, and encourage reflection on the learning process. During TBL, students take on an active role in their own learning. They work collaboratively with their peers, engaging in discussions, negotiations, and problem-solving activities. Students are responsible for managing their tasks, making decisions, and applying language skills in authentic contexts. TBL encourages learner autonomy, as students take ownership of their learning by setting goals, monitoring their progress, and reflecting on their language development. In PBL, the teacher assumes the role of a facilitator and a guide. They provide initial guidance by introducing the project's theme, establishing learning objectives, and setting clear expectations. The teacher supports students in defining the project scope, identifying resources, and developing a plan. They offer feedback and guidance throughout the project, ensuring students stay on track and meet the desired learning outcomes.

Students play a central and active role in Project-Based Learning. They collaborate with their peers, sharing responsibilities, and leveraging each other's strengths. Students engage in research, data collection, analysis, and problem-solving activities, applying their knowledge and skills to develop innovative solutions. PBL encourages students to think critically, make informed decisions, and communicate their ideas effectively.

In both TBL and PBL, the role of the teacher shifts from being the sole provider of knowledge to a facilitator of learning. The teacher creates a supportive and inclusive learning environment, fosters student engagement, and promotes the development of essential skills. They encourage inquiry, critical thinking, and effective communication among students.

Conclusion. Task-Based Learning has many interpretations and you, the teacher, can adapt and make anything your own. Although TBL was originally developed with language teachers in mind, the core of every Task-Based Learning lesson, as the name suggests, is the task.

A Task-Based approach offers an alternative for teachers who are interested in creating a more student-centered environment in their classroom. In a task-based class, the lesson is based on the completion of a central task and its presentation. Which approach is more applicable to your class depends on the main goal of your lesson plan. TBL is shorter in duration so it is useful to refresh topics or to introduce new ones. PBL takes more time and demands much more planning. So it is important to be assertive in the choice of the subject and topic for your project. A brainstorming session with your students might be helpful before developing a lesson plan. Students may choose a topic in which they understand the need to intervene to solve a real problem. In TBL, students engage in meaningful tasks that mirror real-life situations, promoting communicative competence and language fluency. On the other hand, PBL provides students with opportunities to tackle complex problems, engage in inquiry, and develop 21st-century skills necessary for success in the modern world.

Literature

1. Nobuyoshi, J. and R. Ellis. 1993. 'Focused communication tasks and second language acquisition'. *ELT Journal* 47/3: 203-210
2. Nunan, D. 1989. *Designing tasks for the Communicative Classroom*. Cambridge: Cambridge University Press.
3. Willis, J. 1996. 'A Flexible framework for task-based learning.' In Willis, J. and D. Willis. (eds). *Challenge and Change in Language Teaching*. Oxford: Heinemann.
4. Willis. (eds). *Challenge and Change in Language Teaching*. Oxford: Heinemann.
5. Leaver, Betty Lou; Willis, Jane Rosemary (2004). *Task-Based Instruction In Foreign Language Education: Practices and Programs*. Georgetown University Press.

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық
Институты**

**Уразова Гульмира Муратбековна, аға оқытушы магистрі
Бекбергенова Майра Нурлановна, аға оқытушы магистрі**

**ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ**

Бүгінде білім - қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі.

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда

оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар. Солардың бірі де бірегейі оқытудың жаңа технологияларын пайдалану. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (Астана, 2000 жыл) 18-бабының 8-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа

мазмұнын енгізу үшін білім беру ұйымдарында эксперимент тәртібімен іске асырылатын білім беру бағдарламалары әзірлену мүмкіндігі», - атап көрсетілген [1]. Осыған орай қазір еліміздегі көптеген мектептерде білім берудің жаңа жүйесі енгізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне бет алуда. Білімі мен ғылымы өз дәрежесінде дамыған елдер көш бастап, қашан да елдік дамудың кез келген саласында озық тұрары сөзсіз. Бізде осы көштен қалмаудың қамын жасап бағудамыз.

Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі жүйесі бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселе болып отыр. Көрсетілген міндеттерді толық жүзеге асыру дене тәрбиесі жүйесіне тікелей байланысты. Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене- қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін- өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды. Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру

жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек. Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс. Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан- жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;

ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;

б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді.

Сабақтарды бір-бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу – тәрбие үдерісінің кіші-гірім үзіндісіне, немесе сабақтардың кезеңдері мен тұтас бір дәуіріне де тән болуы мүмкін.

Спорттық техника мен оны жаңа тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі

тиімді үйретуді толық қамтамасыз ете алмайды, сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады. Олар жиірек бір уақытта пайдаланылады. Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда: дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру; қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру; әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру; үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру. Сөйтіп, қимылға үйрету дегеніміз - бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу.

Талдау, жалпы білім беру мектептерінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқаруға білім беру мен спорттық мекемелерге тән құрылымдар - мақсат, жалпы және арнайы (арнайылық) міндеттер, әдістер мен қағидалар, оқу кеңістігінде жүзеге асатын, нақты бағыттылығы бар, оқу материалының теориялық және тәжірибелік мазмұны кіретінін көрсетті. Оқушы-спортшының осы білім беру кеңістігіндегі таңдаған жолының басы, мектептегі оқу мерзіміндегі бастапқы кезеңнің де нақты құрылымы немесе мазмұны болады.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барсында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге; дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру; дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру; дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту; релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту; психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастырып дамытуға т.б. қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы – оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2007.
2. Өстеміров К., Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары. - Алматы.2001 .
3. Сыздықова Ғ.С. Бала денсаулығына әсер етуші факторлардың әсері.//Қазіргі заман жағдайында денсаулық сақтаудың білім беру кеңістігін қалыптастыру. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.- Шымкент: Асқаралы, 2015.
4. Жумадилова Г.С. Жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері.//Салауатты өмір салты: Әлеуметтік жаңарудың көрінісі ретінде.-Астана, 2009.

АЙДАРХАНОВ Д.

Лог-23-2 тобының студенті

Ғылыми жетекші: магистр, аға оқытушы

ЕЛИКБАЕВА С.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

ҚАЗАҚ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ ДЕҢГЕЙІНДЕ ОҚЫТУ

Қазақ тілін шет тілі деңгейінде оқыту – қазіргі заман талабы болып отыр. Себебі қазіргі заманауи заман талабына сәйкес, оқытушы сабағына қызығушылық тарта білгенде ғана оқушы тарапынан нәтиже болары сөзсіз. Жалпы тіл білімі өте сақтықпен, білімділікпен үйретуді талап ететін ғылым.

Жалпы жаңа тілді үйрену әркімнің қабілетіне, мінезіне, қасиетіне байланысты. Бірі тілді тез үйренеді, енді бірі өте ұзақ еңбек пен уақыт арқылы игеріп шығады.

Тілді үйренуге мынадай факторлар әсер етеді:

- 1) Тілдік орта;
- 2) Тілді үйренудегі мақсат;
- 3) Адамның тұлғалық таланттары мен қасиеттері;
- 4) Лайықты оқу методикасы;
- 5) Нәтиже көрсеткен ұстаз немесе үйретуші.

Осы орайда «тілдік орта болмаған жағдайда тілді қалай үйретуге болады?» деген заңды сұрақ туындайды. Ең алдымен, тілді сөйлеуші мен тыңдаушының өзара түсінісуге арналған қарым-қатынас құралы ретінде қарастырғанымыз жөн. Тіл тірі құбылыс, тірі жүйе. Оны қолданысқа енгізіп, қозғалысқа келтірмесе, тот басқан жүйедей істен шығып қалады. Яғни практикалық жолмен үнемі қолданып отыру қажет.

Екіншіден, үйренушілердің ынтасы мен уәждемесі орасан рөл атқарып, тіл үйрету үрдісін жеңілдетеді әрі жеделдетеді түсетіні бәрімізге белгілі. Тілді үйренудегі мақсат үлкен күшке ие. Мақсатың неғұрлым сені ынталандырып, жігер, күш, қайрат беретін болса, соғұрлым нәтижеге жету мүмкіндігі артады. Үшіншіден, үйренушінің үйрену дағдысы жоғары деңгейде болса, үйренуге деген талпынысы, таланты болса нәтижеге тез жетеді.

Төртіншіден, оқыту үрдісінің қаншалықты жүйелі және мазмұнды ұйымдас-тырылғандығын назарда ұстау қажет. Себебі жүйелі оқыту, ерекше әдістеме сізді дұрыс жолға салып, барар жеріңізге жеткізеді.

Бесіншіден, тіл үйренуші мен үйретушінің үйлесіп жұмыс жасауы, жетістігі бар немесе сен қалаған нәтижесі бар ұстазыңның жетістігін, жүрген жолын

қайталау. Осы орайда, «ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген мәтел ойға келеді. Яғни үйретуші ұстазды дұрыс таңдау да өте маңызды.

Қосымша фактор ретінде оқытушы шығармашылық өнерімен үйренушіні қазақ тіліне баурап, үйренушінің лингвомәдени құзыретін қалыптастыруға, яғни лингвомәдени білімін толықтыруға өз үлесін қосуы абзал. Себебі тілде сол халықтың діні, ділі, мәдениеті, дәстүрі, танымы, тарихы кодталып, сақталған. Сол байлықты тіл арқылы үйретуге, сол тілге деген қызығушылық пен құрметті арттыруға үлкен мүмкіндік болады.

Қазақ тілін орыстілді аудиторияға үйретуде коммуникативті әдісті қолдана отырып, қатысымдық тапсырмаларды пайдаланамыз. Осы тапсырмалар кешенін жағдаяттық тапсырмалар, жұптық және топтық жұмыстар, рөлдік ойындар, пікірталас пен шығармашылық жұмыстар құрайды. Аутентикалық жағдаяттық тапсырмалар үйренушілердің талаптарына, тілдік білім деңгейіне байланысты мақсатты түрде құрастырылып, мәнмәтінге сай берілуі қажет. Ал жұптық және топтық жұмыс жасау барысы үйренушіге қазақ тілінде өз ойын жеткізіп, біреудің айтқанын түсіне алатын дәрежеге жету мүмкіндігін арттырады да, тіл үйрену үрдісінің қызықты өтеуіне себепкер бола алады.

Қазақ тілінде бастауыш сыныптарда жалпы жұмбақ, жаттау, жаңылтпаш арқылы тілді жылдам есте сақтау ретінде қолданылады. Қазақ тілінің ситуациялық диалогтарында сөздер жылдам айтылатынын ескерсек, жаңылтпаштың тіл үйретуде рөлі жоғарылайтыны сөзсіз. Себебі жаңылтпаш айтқызу арқылы тіл үйренуші сөздердің ситуациялық жағдайда қалай өзгертіні естіп, біледі. Мысалға ағылшын тілінде әлі күнге дейін тілдік деңгейлерін анықтау, айтылым бойынша деңгейлерін анықтау мақсатында аудитивті құзіреттіліктеріне байланысты мынадай жаңылтпаш айтылып, қолданылады.

Мысалға, шетел тілін оқытуда аудитивті құзыреттілігін қалыптастыруда келесі жаттығулар арқылы оқушылардың тез есте сақтауын қалыптастыруға болады, яғни жұмбақтарды оқып олардың жауабын табу қажет:

Riddles. Read the first riddle and have the class ask questions to try and solve the riddle. Riddles promote discussion and curiosity. The man was injected with deadly poison-but it did not kill him (He was already dead) The more there is the less you see (darkness) What has hands but not skin or bones? (clock) What is black and white and read all over? (newspaper)

Барлық әдістерді саралай келе жаңа оқу технологияларды және интерактивті әдістерді оқу үрдісінде пайдалану жаңа нәтижеге әкелері сөзсіз.

Сонымен жаңа оқу технологияларды және интерактивті әдістерді оқу үрдісінде қолданудың нәтижесінде оқушылар жинақталған тәжірибиесін сыртқа шығарып, оны өмірінде пайдалана алады. Жалпы заман талабына сай білім беру қашан да өзекті мәселе. Шығармашылық қабілеті мол, жан-жақты дамыған адамзат тәрбиелеуде жаңа педагогикалық технология ауадай қажет. Интерактивті оқыту технологиясы – нәтижеге бағытталған оқыту. Интерактивті оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді

талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Интерактивті оқытудың тиімді жақтары:

Оқушылар ақпарат алумен қатар өздерінің белгілі бір мәселені шешу жолын қисынды түсіндіріп береді. Оқушылар ойларының тереңдігіне талпынады.

2022 жылы Ustaz.Pro командасы «Қазақ тілін шет тілі деңгейінде оқыту» тақырыбында мектеп мұғалімдеріне бірнеше еүндік семинарлар ұйымдастырды. Соның нәтижесінде орыс тілді аудиториялар мен өзге тілді мектеп сыныптарына қазақ тілінен беретін мұғалімдерге ағылшын тілінде оқытылатын әдіс-тәсілмен бөлісіп, жаңа оқу технологияларды және интерактивті әдістермен таныстырды. Қазіргі уақытта

Осы арқылы оқушыларды шет тілінде қызықтырып, ойландырып қызығушылығын оята алады. Жалпы қазақ тілінде қазіргі уақытта Квест, unaiгра, learning Apps, Zip grade платформалары арқылы мектеп бағдарламасындағы тапсырмалар беріліп, кеңінен қолданысқа кіріп келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

1. *Құрман Ж.Н.* Қазақ тілін оқытудың әдістемелік негіздері. — Алматы, 2009. — 28-б.
2. *Әбдікәрімов Б., Сарбасова Қ.А.* Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда педагогикалық технологияларды пайдалану // Еуразиялық гуманитарлық институттың хабаршысы. — 2004. — № 3. — 36-б.
3. *Даумов Н.Ғ.* Оқытудың ақпараттандыру процесінде оқушылардың зерттеу қызметін дамыту: Пед. ғыл.канд. ...дис. — Алматы, 2003. — 12-б
4. *Ибраимова Б.С.* Шет тілі сабағында аудитивті құзіреттілікті дамытудың маңызы. Алматы қаласы.

Сатдарова К.

-МО-23-2 тобының студенті

Келмағанбетова Ш.С.

- ф.ғ. магистрі

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Адам атаулы Алланың жаратылысы ағаштан түсіп ақыл-есі кіргенше жануарлардан еш айырмашылығы болмаған деседі білетіндер. Яғни, адамды адам қылған ақыл-есі, рухани байлығы. Сол уақыттан бері әлемге тараған адамзат өркениеттерінің әрқайсысына тән өзіндік рухани мәдениеті қалыптасқан. Қазіргі қазақ халқының рухани мәдениетінің бастау бұлағы, түп тамыры көшпелі ата-бабалар өркениетінде жатыр. Тарих дәлелдеген бір шындық бар: рухани мәдениеттің ғұмыры материалдық мәдениеттен әлдеқайда ұзақ. Көшпелі бабаларымыздың тіршілікті тану, өмірге деген көзқарастарының өзгешелігі материалдық мәдениеттің күйреуге бейім екендігін түсінуінде. Күйреген Отырардың қалдықтары құм астында көміліп қалса, сол қаланың перзенті Әбу Насыр Әл-Фараби күллі дүние жүзінің «екінші ұстазы» атанып, есімін елдер жатқа біледі. «Ақтөбе» атты үлкен төбеге айналып, үнсіз жатқан Баласағұннан шыққан кешегі даңқты қаламгер Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты еңбегін бүгінде әлем таниды. «Туған жерім – мүбәрәк Түркістан» деп жырлаған Түркістан перзенті Қожа Ахмет Йасауиді барша түркі халықтары рухани пір тұтса, әлем халқы оның әдебиет әлеміндегі баға жетпес орнын бірауыздан мойындайды.

Адамзат табиғат заңдылықтарына анағұрлым бағынышты замандарда түбіміз болған түркі халқы өз тарихтарын ұрпағына жеткізу үшін жауын мен дауылға төзімді, шапқыншылықта шатынамайтын, жалынға салса жанбайтын балбал тасқа қашап кеткен. Бұнымен қоймай сол кездегі оқиғалар желісімен небір аңыз, ертегі, жыр-дастандар қалдырып ұрпағына баға жетпес құндылықтарды сыйлаған.

Заман көшімен ілесіп сонау ұлы империяның ұрпағы – қазақ халқы ХІХ-ХХ ғасырларға аяқ басады. Қалыптасқан күннен бастап бір байыздап өмір сүрудің орнына күн-түн демей атамекенін қорғаумен өткен қазақ халқына дәл осы жылдары ерекше қиын-қыстау кезең болды, өмір мен өлім күресі болды десек қателеспеспіз. Талай шапқыншылық пен отарлаудың кесірінен тыныш қана аңыз-ертегілерін айтып жүретін ата-әжелердің көз жасы таусылып, боз бала мен бойжеткендер білім қуғанның орнына қолдарына қару алуға мәжбүр болды. Осылай басынан қайғы бұлты сейілмей наданданып қалған халықты ағарту мәселесі туындады. Абайдан басталған ағартушылар мен зиялы қауым көші елінің көзін ашу үшін жанын қиюға әзір болған. Абайдың «біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос», «ғылым таппай мақтанба» деген секілді терең

философиялық ой-пікірлерімен сусындаған Алаш ардақтылары қажырлы еңбектері мен күрескерлік рухтарының арқасында елдің ұлттық сана-сезімін оятты. «Маса» болып құлақтарына ызындады, «Оян, қазақ!» деп ұран салды.

Қазақ халқының рухани мәдениетін жаңғырту жолында орасан үлес қосып, Кеңес құрсауында болса да ұлттың ұлт болып тұруына негіз болған келесі буын – әдебиет алыптары. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» демекші заманына бейімделіп халыққа әдебиет арқылы әсер етуді көздеген болулары керек. Бірақ кабинетте отырып кітап жазумен ғана айналыспай, айтарын ашық айтып, оны іспен дәлелдеген азаматтар да жоқ емес. М.Әуезов «Бөрінің артынан бөлтірік ақылды болғандықтан ермейді», «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» демесе, М.Мақатаев «Үш бақытын» жырламаса 1986-жылы өр рухты жастар желтоқсан алаңына шағыр ма еді? Ұлттың оянуы деген осы болар.

Ал қазір сол желтоқсан жастарының ізін басып келе жатқан мына бізде сондай рух бар ма? Егер болса майталман ақын Мұхтар Шаханов:

«Өтер жаздар өтер күздер,

Қашан кетер екен бізден

Ұлтын сатқан жағымпазды хас батырға балау,

Ал шыншылға халық жауы ретінде қарау?

Міне, нағыз әләуләки әлау, халауләки хәлау,!» - деп, немесе:

«Нарық-ғасыр бәрін сатып жібере ме алтынға,

Кім қалады сол алтынға сатылмайтын қалпында?

Жалғандық бар ұлтсыздардың беделі мен даңқында,

Ана тілін сыйламаған сыйламайды халқын да» - деп бекер жырлап жүрмесе керек. Иә, біз қазір сауаттымыз, небір техникаларды игеріп жатырмыз, бірақ рухани жағымыз әлсіреп қалды. Әбу Насыр Әл-Фараби «Ақылсыз берілген білім – адамзаттың хас жауы» деген екен. Неше жерден ғалым болсақ та, саясаткер болсақ та, ақын-жазушы болсақ та, істеген ісіміз ұлтымызға, маңайымыздағы адамдарға пайдасын тигізбесе құны бес тиын.

Адам үшін рухани құндылықтардың қажеттілігі әрдайым өзгеріссіз қала бермек. Өмір бағдарының бірі ретінде рухани құндылықтар адам баласына қоршаған ортаны тануға, өз тіршілігінің мән-мағынасын табуға, өзіндік даму мен жетілуге жәрдемдеседі. Дәстүрлі діндер рухани ағарту, тәрбие мен салт-дәстүрлерді сақтау мен жеткізу жолындағы маңызды факторлардың бірі әрі бірегейі болып табылады.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізі ғасырлар бойы қалыптасып келген

асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен моралдық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шындалып қалыптасты. Сол сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің негіздерін бір арнаға түсіріп тәрбие мәселесінде пайдалану бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған ең басты қажеттілік деп білемін. Ұлттық отаншылдықты қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Осы жерде қазақ халқының ұлы ақыны, ғалым М. Жұмабаевтың мына сөзі ойға оралады: «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті». Бала тәрбиесінің ұлттық сипатта болуына ерекше мән беру керектігін атап өтеді. Ал ұлттық сипат – сол ұлт тарихының таңбасы. Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады. Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Амангелді Айталы «Ұлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын қастерлеу – ұлттық идеяның басты көзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады» - деп келтіреді. “Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қайтып алмақ” – деген тұжырым жасаған қазақ халқының ұлы ақыны ғалым М. Жұмабаев. Бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан, яғни ерте жастан ұлт құндылықтарына сүйене отырып тәрбие жүргізу керек. Тәрбие ісі – мемлекеттік іс. Өйткені бүгінгі дұрыс тәрбие – болашақтағы жақсы елдікті танытар азаматтардың өсетінін танытады. Сол себептен де Елбасы өзінің мақаласында «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс» – деп ой қорытады. Бүгінгі күн тұрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр. Ұлттық сезім мен ұлттық намыс, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті деп білемін. Яғни елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың

ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәрбие саласында жұмыс жасау басты міндетіміз. Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»-деген болатын. Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Осы ұлттық идеяны іске асыратын басты фактор мемлекет болып табылады. Сондықтан да осы мемлекеттік іске салғырт қарамай ұлттық идеяның негізгі бағыттарының тетіктерін жасау қажет. Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген сезім. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Ал, осы ұлттық идеологиямыз әлсіз болса барлық салаға өзінің кері ықпалын тигізетіні шүбәсіз.

Отаншылдық міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсетеді, өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады. Осы себепті, күрделі рухани және саяси-әлеуметтік құбылыс ретіндегі қазақстандық патриотизм Отанды қорғау, нығайту және гүлдендіру жолында онымен ажырамас тұтастығын саналы түрде ұғынатын тұлғаның руханилығы, азаматтығы және саяси-әлеуметтік белсенділігінің бірлігі болып табылады. Ал, бұл кез-келген мемлекеттің түбірлі саяси міндеті екендігі белгілі. Отаншылдыққа тәрбиелеудің негізгі көздеген мақсаты – өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер-білім машықтарын меңгеруге, отбасын, туған өлкесін, отанын сүйуге, ар-намысын қорғауға, және т.б. ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу. Оның басты қағидасы Отанға, өзінің халқына, Атамекеніне деген сүйіспеншілік болып табылады. Бұл өз еңбегімен, жанкешті ерліктерімен елінің беделін арттырып, халқының абыройын асыратын қазақстандық азаматтардың күнделікті өмірінде пайда болады. Ол Отан мен Қазақстан халқына қауіп төнген сындарлы жағдайларда, әсіресе, айшықты әрі қарқынды түрде туындайды. Күнделікті тіршілікте ол азаматтардың өндірістегі, ғылымдағы, өнердегі, спорттағы, сондай-ақ, жауынгерлерді туған өлкені батыл қорғауға, өз халқының, елінің, Атамекенінің егемендігін, «құрмет көрсетіліп, қастерленуі» тиіс шекарамыздың бұзылмауын, қоғамдық құрылыстың мызғымастығын қамтамасыз етуге даярлайтын әскери қызметтегі жасампаз еңбегінен көрінеді. «Ежелден ел тілегі – ер тілегі, адал ұл ер боп туса – ел тірегі» демекші әр баланың бойында адамгершілік, батылдық, шыдамдылық, төзімділік қасиеттерін дамытып, жеке тұлғаны қалыптастыруға үлес қосу болып табылады. Жас ұрпақты аға ұрпақтың лайықты мұрагері болу үшін жастарға халқымыздың Отан мүддесі жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіре отыруымыз қажет. Осы жерде еліміздің тарихы жетекші орын алады. Қазақ елінің тарихын насихаттап, өскелең ұрпақты ұлтжанды етіп тәрбиелейтін, әрқашан мемлекеттік мүддені көздеп, мемлекеттік тәуелсіздігіміздің мәңгі баянды болуын насихаттау жолында аянбай еңбек етуіміз керек. Тарихты оқу арқылы отаншылдыққа, өз халқына, басқа халықтарға деген сүйіспеншілікке, жауынгерлікке, еңбек

сүйгіштікке, Отаны үшін кез келген қиындыққа әзір тұруға, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастыққа, қоғам үшін, халық үшін, елі үшін қызмет етуге дайын болуға, адалдыққа, шыншылдыққа, тазалыққа, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, өз мүддесін халық, Отан мүддесінен жоғары қою сияқты қасиеттерге тәрбиеленеді. Ал, мектептегі тарих сабақтарында ерлікке, жауынгерлікке тәрбиелеу күрделі міндет. Осы жерде ержүрек батырлар мен қолбасшылардың қаһармандығын, ерлігін көрсеткен шайқастары туралы толық нақтыланған материалдар болуы тиіс. «Атамекен, туған жер» ұғымы – әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талпынумен бітеді. Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім – тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық». Қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен хас батырлар қаншама десеңізші! Бұлардың ерлігі кейінгі ұрпаққа қашан да болса өнеге болмақ.

Рух болмаса, рухани мәдениет төбеден салп ете қалмайды... Адам таршылықтан емес, баршылықтан тозады деуші еді ақсақалдар. Бұл сөзді қазіргі қоғам растап отырғандай. Жалпы рухани мәдениет жайында өткен-кеткенді көп қозғадым. Қаншалықты қиын қыстау кездер болмасын, халқымыз өзінің ұлттық мүддесін ұмытпай, рухын сақтағанын айтқым келді. Ал қазіргі майдаланып бара жатқан рухани мәдениеттің немесе бұттарын ашқан поп мәдениеттің несін жазуға болады?

Әдебиеттер

1. Орынбеков М.С. История философской и общественной мысли Казахстана (С древнейших времен по XII в.), А., ИРК, 132 б.
2. Қасымжанов А.Х., Мажиденова Д.М. Очарование знания. Фрунзе, Кыргызстан, 2000.
3. Культурные контексты Казахстана. История современности. А., Ниса, 2018, 57 б.
4. Бейсенов Қ. Қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері. Алматы, 2020
5. Қасымжанов А. Рухани тамырлар. //Қазақ, А., Білім, 2023, 97 б.
6. ҒабитовТ.Х., Мүтәліпов Ж.М., Құлсариева А.Т. Мәдениеттану; - Алматы;раритет 2006 .-415б-6б.
- 7.Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. : №7 498 бет.

Кельмаганбетова А. С.
(*КММ Еркіндік орта мектебі*)

ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫ

Білім берудегі қазіргі заманғы технологиялардың көмегімен жаңа білім беру парадигмасы іске асатын құрал ретінде қарастырылады. Білім беру технологияларының даму тенденциялары тұлғаның өзіні –өзі тануына және өзін –өзі тануына дамуына мүмкіндік беретін гуманитарлық білім берумен тікелей байланысты.

Қазақ тілін жобалау әдісі арқылы оқыту технологиясының басты сипаттарының бірі – тұтастығы мен жүйелілігі айқын болуы керек және сол қасиеттер әрдайым сақталып отырылуы керек. Сол тұтас және жүйелілік қасиеттер жобалау әдісі арқылы оқыту технологиясын құрайтын құрамдас бөлшектері болып табылады. Оларды атап көрсететін болсақ: қазақ тілін студенттерге жобалау әдісі арқылы оқытудың мақсатын айқындау, берілетін білімді оқытушы тарапынан меңгерту, студент тарапынан меңгеруге байланысты екіжақты, өзара гуманистік идеяларды ұстанған «субъект-субъектілік» қарым – қатынас мәселелері. Сондай қазақ тілін студенттерге жобалау әдісі арқылы оқыту барысын ұйымдастыру, қазақ тілін жобалау әдісі арқылы оқытатын оқытушы мен студентке қатысты мәселелер, қазақ тілін студенттерге жобалау әдісі арқылы оқыту – таныту әрекетінің нәтижесін анықтау және талдау мәселелері.

Барлық педагогикалық технологияларға тән болатын маңызды ерекшеліктерді біз жобалау әдісі арқылы оқытатын технологиядан да тани аламыз. Соның негізінде жобалау әдісі арқылы оқыту технологиясының ерекшеліктерін тану барысы мынадай үш тұрғыдан жүргізіледі:

Қазақ тілін студенттерге жобалау әдісі арқылы оқытуды ғылым таным тұрғысынан тану;

Оқытуды процессуалдық – сипаттау тұрғысынан тану;

Оқытуды процессуалдық - әрекетшілдік тұрғысынан тану.

Осы жолдармен келетін болсақ, қаза тілін студенттерге жобалау әдісі арқылы оқыту технологиясының ғылыми болмысы анықталып, қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының құраушы бөлшегіне айнала алады деп ойлаймыз. Ғылыми таным тұрғысынан келгенде қазақ тілін студенттерге жобалау әдісі арқылы оқыту жүйесінің рационалды қолданысы, сапалы білім берудегі осы жобалау әдісінің алатын тиісті орны, осы оқыту жүйесін басқару жолдары жүзеге асыру механизмдері кең де орнықты түрде анықталады. Сонымен бірге қандай педагогикалық жүйе, педагогикалық технология болса да, белгілі бір философиялық негіздемеге сүйенетіні белгілі. Өйткені сол философиялық қағидалар негізінде ған жалпы әдіснамалық заңдылықтарды тануға болады.

Қазақ тілін студенттерге жобалау әдісі арқылы оқыту жүйесінің философиялық негізін анықтаудың қажеттілігі неде? Философиялық қағидалар қазақ тілін студенттерге жобалау әдісі арқылы оқыту үрдісін реттеуде басшылық етіп, білім берудің әдіснамалық негіздерін жүйелеудің жолын анықтап береді. Әрбір оқыту технологиясының ұстанатын философиялық ұстанымдарының негізінде дидактикалық ұстанымдар, әдістер мен оқыту формалары сияқты маңызды нысандарды танып-талдау мүмкіндігі кеңейеді. Осы айтылғандармен қатар, философиялық негіздемеге сүйену қазақ тілін жобалау әдісі арқылы оқыту жүйесінің тәрбиелік, дүниетанымдық қырын да анықтауда басшылық етеді.

Жобалау әдісі арқылы оқыту технологисында тек қана материалистік немесе идеалистік, болмаса диалектикалық, не метафизикалық, сциенттік не табиғи бейімділік, антропософия не теософия, прагматизм не экзистенциализм бағытының біреуін ұстанып, сонымен қатып қалу мүлде мүмкін болмайды. Мәселен, жобалай оқытуда қолданатын ойын әдісін алатын болсақ, ойынның өзі бірнеше бағытта болуы мүмкін. Жобалау әдісі арқылы оқыту жүйесінің тиімділікпен қолданылуы үшін және түпкі нәтижесі сапалы болуы үшін және түпкі нәтижесі сапалы болуы үшін осы оқыту жүйесіне қатысатын барлық құраушы бөлшектерді сипаты мен қызметін тану және бірізді тәртіпке келтіру маңызды болады. Соның өзінде бір ған оқыту технологиясын бірнеше адам қолдануы барысында түрліше нәтижелерге қол жеткізіп жатады. Бірақ, әрбір оқытушының жеке бас шеберлігін қоса есептейтін болсақ, қалай болғанда да, қазақ тілін жобалау әдісі арқылы оқыту жүйесінің белгілі бір орта шамадағы индексі болуы қажет. Яғни, жобалау әдісін қолдануда оқытушылардың жеке бас

шеберлігі ескертіледі, бірақ тұтас жобалау әдісі арқылы оқыту жүйесі жеке оқытушылар арқылы анықталмайды. [1,73-б.].

Ғұлама өзінің трактаттарында педагогикалық, психологиялық, дидактикалық әдістемелік терминдер тізбегін ұсынды. Әл-Фарабидің гуманистік идеяларға толы педагогикалық көзқарастары ғұламаның «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», сияқты көптеген трактаттарында сипатталған. Бұл еңбектерде оқытудың мақсаты мен әдістемесі, білімнің беріктігі, жүйелілігі, оқытудың қолжетімділігі, көрнекілігі қамтылған, білім алушының белсенділігі мен мақсатқа ұмтылушылығына көңіл бөлінген. Жалпы педагогиканың бір салас болып табылатын тәрбие теориясының әдіснамасын әл-Фарабидің тәрбиенің заңдылықтарын, ұстанымдарын, мақсатын, мазмұнын, әдістерін, құралдарын, нәтижесін тұжырым дамалық тұрғыдан негіздейтін жетекші педагогикалық ой-пікірлері айқындайды. Тәрбиелеу – халықтардың бойында білімге негізделген этникалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту. Тәрбиелеу – жеке адамның кісілігін қалыптастыру деп көрсетеді. Ол тәрбие әрекетінде қатты әдіспен жұмсақ әдісті ұштастыра білуді ұсынады. Тәрбие тәжірибе және іс-әрекет арқылы беріледі деді Әл-Фараби. Сол себепті әл-Фарабидің алдымен «Қайырымды қала» идеалы – гуманистік және адамгершілік бағдар екендігін жүйелегенін. Әл-Фарабидің дүниетанымдық пайымы бойынша ақылдың төрт тұғыры болып табылатын топырақ, ауа, от, су ізгі мемлекетте әділ заң, ақыл, парасат, дәулет, байлық, қанағатшылдық арқылы толық жүзеге асады деген сенімде болды. Әл-Фараби қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары арқылы жасөспірімдер тәрбиесінің тұтас тұжырымдамаларын ұсынған. Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы оның әлеуметтік этикалық, философиялық, музыкалық трактаттарындағы ойларымен ұштасып отырғаны ақиқат. Тәрбие кезінде адамдар мен халыққа білімге негізделген қасиеттерден шығатын әрекеттерді жасауды дағдыға айналдыру арқылы үйретіледі...». Бұл анықтамалардың астарлы мағынасы қазіргі педагогикадағы «оқыту» мен «тәрбие» ұғымдарына берілген анықтамалармен сабақтасып, өзара байланысып жатқандығын айқын аңғаруға болады. Қазіргі кезде педагогиканың негізгі ұғымдарына «тұлғаны қалыптастыру» ұғымы да жатқызылады. Жеке тұлғаны қалыптастыруды Әл-Фараби былай анықтайды: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез құлқымыз мақтаулы болады». Ғұламаның педагогикалық тұжырымдамалары негізінен «бақыт» және «парасат» ұғымдарының төңірегінде өрістейді. Әл-Фараби «парасат» ұғымын терең мазмұндады. Бұл ұғым ойлау мен болмыс, өнер мен ғылым диалектикасына, ал ғылымға баратын жол білім мен парасатқа негізделеді деп көрсетті ұстаз. Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы бойынша тәрбие мен тәлім, оқыту мен үйрету өзара тығыз байланыста, бірін бір ітолықтыра отырып жүргізілу ітиіс. Бақытқа жету жайында: бақытқа жеткізетін, негізінен денсаулық, еңбек және білім деп түсіндірді. Бақытқа жеткізетін ізгіліктер: теориялық ізгілік, ойшылдық, этикалықізгілік, практикалық өнер. Демек, Әл-Фараби этикалық категорияларға жақсылықты, достықты, өзара көмекті,

әділеттілікті, абыройды, қанағаттануды, бақытты жатқызады . Әл-Фарабидің педагогикалық жүйесіндегі «бақыт» ұғымы – этикалық категория, яғни әрбір адамды бақытқа жеткізу мұраты. Бақытқа жетудің негізін де философия, ғылыми білімдер арқылы дүниедегі пәк тазалықты, әдемілікті бойға сіңіру, ойға, жүрекке ұялату, дарыту әрекеті жатады. Ол адам баласын жаратылыстың ең ұлы құндылығы деп есептеді. Ғұламаның педагогикалық тұжырымдамалары негізінен «бақыт» және «парасат» ұғымдарының төңірегінде өрістейді. Әл-Фараби «парасат» ұғымын терең мазмұндады. Бұл ұғым ойлау мен болмыс, өнер мен ғылым диалектикасына, ал ғылымға баратын жол білім мен парасатқа негізделеді деп көрсетті ұстаз. Ғұлама білімнің жетекші салалары ретінде саяси және азаматтық ғылымдар жүйесіндегі этика мен педагогиканың маңызын ерекше атап көрсетті. Олардың ішінде негізгілеріне тоқталып өтейік. Әл-Фараби дадактикасы бойынша: оқытудың мақсаты – шәкірттің бойында білім беру мен зерттеуге үйрету арқылы білім, ақыл, парасат қалыптастыру, оқытудың түпкі мақсаты – адамдарды бақытқа жеткізу; дидактиканың негізгі ұғымдары: үйрету, оқыту, білімберу, тәрбиелеу, оқыту ұстанымдары: оқытудың әдіс-намалық негізі жиынтығы, білім топтамасы мен мазмұны туралы ілім, парасат жайлы ілім, заттардың адамның сезім мүшелеріне әсері туралы ілім, ғылыми білімнің теориялық және эмпирикалық мәні туралы ілім, таным теориясы ізгілендіру ілімі оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік деп көрсетеді.

Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы – гуманистік құндылықтардың жарқын туындысы. Әл-Фарабидің идеялары заманауи жастарға ақылдылық, парасаттылық, қарапайымдылық, қанағатшылдық, үнемшілдік, ізеттілік, даналық, асқан пайымдылық, аңғарымпаздық, шыншылдық, ар-ождан тазалығы, тапқырлық, білгірлік, жігерлендіре білушілік, ұстамдылық, ынталық, шеберлік, табандылық сияқты адами қасиеттер үлгісін теориялық және тәжірибелік деңгейде ұсынды. Қазақстан жаһанданушы әлемге енуде, болашаққа мақсатты ұмтылуда. Осы үдерісте ол өз тарихына ерекше ден қойып, тәуелсіздік жағдайында тарихты жаңадан пайымдауда, өйткені тарихсыз халық және оның мәдениеті жоқ. Мәдениеттің рухани құндылықтарсыз өмір сүре алмайтыны ақиқат.

Әдебиеттер тізімі

1. Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 176 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі /Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
3. Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. Азаматтық саясат. Бақытқа жол сілтеу. Бақытқа жету жайында /Бағзы замандардан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық: Әл-Фараби философиясы. 2 Т. – Астана: Аударма, 2006. – 507 б.

**Өскемен қаласы С. Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан Университеті
«Психология және педагогикалық коррекция»
кафедрасының сениор-лекторы, магистрі Матаева Б.Ү.
«Дінтану-философия» мамандығының 1 курс студенті Болатханқызы Ж.**

ДІНТАНУ-ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ ӨРІСІ

Мамандық таңдау - кез келген жасты қинайтын, болашақ өмірге деген бағыт-бағдар болып табылады. Сол себепті әр адам өз табиғатына сай келетін мамандықты таңдауда жаңылмауы тиіс. Әрбір мамандық өзіндік тағылымы мол тарихымен ерекшеленеді. Мен осы орайда, өз мамандығымды таңдауда жаңылыспағанымға көзім анық жетті. Қазіргі таңда Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі факультетінде «Дінтану» мамандығы бойынша грант иегерімін.

Дінтану пән есебінде немесе жеке ғылым жүйесі болып ХІХ ғасырдың екінші жартысында дүниеге келді. Дегенмен, дінтанудың қайнар көздері сонау ортағасырлық христиан философтарының, мұсылман теологиясының құдайтанушылық ізденістерінен бастау алады. Бастапқы құдайтанушылықты дінтанудың алғашқы формасы деп айтамыз. Теология құдайтану жолында тек догма ғана емес, философиялық түрғыда дәлелдеуге, Құдайды абсолютті идея, әлемдік ерік, әлдебір түр-түссіз парасатты негіз түрінде көрсетуге тырысатын қағидаларды пайдаланады. Қазір де теологтар философиялық ілімдермен және жаратылыстану деректерімен Құдайды тану идеяларын жаңартуда. Сондықтан Құдайтану формасының дінтану формасына өтуі рационалдық философиямен тығыз байланысты. Дінтанудың негізгі пәні дін болғандықтан, діни көзқарас тікелей философиялық көзқараспен тығыз байланысты болғандықтан, дінді «діни философиялық» пәнге де айналдырып қарастырады. Соның салдарынан «діни философия» мен «философиялық дін» дінтанудың ең негізгі теологиялық түрғысы болып есептеледі. Дінтанулық көзқарас бойынша, қандай да бір дін болмасын тарихтан тыс құбылыс ретінде емес, керісінше оны тарихи, қоғамдық ақылмен түсіндіруге болатын құбылыс ретінде қарастырады. Екінші жағынан, дінтану ХІХ ғасырдың екінші жартысында ғалымдардың жетістіктерін кеңінен пайдалана отырып, әсіресе қандай да бір ғылыми жаңалықтың дүниетанымдық әдістемесіне сүйене отырып дамыды. Осының арқасында «дінтану» ғылымның бір саласы ретінде қалыптасты. Ондай бастаудың шыңында тұрған адамдар Э.Тайлор (1832-1917), Дж.Фрезер (1854-1941) болды. Э.Тайлор болса өзінің «Алғашқы мәдениет» атты фундаментальды монографиясында және Дж.Фрезердің көп томдық «Алтын

бұта» атты еңбектерінде дінді ғылыми, теориялық және эмпирикалық тұрғыдан зерттей бастады. Бұлардың еңбектері ескі сенімдер мен мифтерді, алғашқы ойлау жүйесін зерттеуге ғылыми әдістемесін қолдануы еді. Бұндай бетбұрыстағы ғылыми еңбектерді М.Мюллердің 1856 жылы шыққан «Салыстырмалы мифология» атты еңбегінен де көреміз. Қазіргі дінтанудың ішіне бірнеше жекелеген бөлімдер кіреді: тарихи дінтану, дін философиясы, дін социологиясы, дін психологиясы және т.б.

Бұрын дінтану десе халықтың құлағына түрпідей тиетін бұл мамандық ендігі кезде - кеңге жайыла бастап, адамдардың бойы үйренді. Нақтылап айтатын болсам, бұл мамандықты бітірген студент мешітте имам болып, уағыз айтатын адам емес. Дінтану зайырлы мамандықтардың бірі, яғни экономист, заңгер, бухгалтер деген мамандықтардан асып түспесе, кем емес.

Дінтану – республикамыздағы сұранысқа ие мамандықтардың бірі. Жалпы, дінтану – қоршаған орта мәдениетімен, дүниетанымымен таныстыратын ғылымның бір саласы.

Дінтану пәні қазірде маңыздылығы

Қазіргі Қазақстанда білім беру саласы қарқынды дамып, тәуелсіздік алғаннан қазіргі уақытқа дейін етек алып келе жатқан үрдістердің бірі дінтанушы мамандарды даярлау болып табылады. Дінтанушы студенттер бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде оқытылып, өз ісінің білікті маманы болып шығуға бағытталады.

Алғашында дінтану пән ретінде Еуропа елдерінде қалыптасқаны белгілі. Және оның қалыптасуы мен даму үдерісінде бірте-бірте екі жетекші бағыт қалыптасқаны анық. Бірінші бағыт дінтануды ғылыми түрде оқытатын пән ретінде қалыптастырып, екінші бағытта дінтануды дін арқылы оқытуды қалыптастырды.

«Дінтану негіздері» пәнінің мақсаттарының бірі– дін және діни нанымдар туралы жалпыға білім бере отыра бұқараның діни сауатын қалыптастыру, оқушылар мен талапкерлердің рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту. Белгілі бір дінді насихаттау және тарату мақсаты көзделмеген, толығырақ айтқанда пән зайырлы сипатта оқытылады.

Дінтану пәнінің оқытылу аясын кеңейту және білікті мамандарды дайындау қазіргі Қазақстанның діни ахуалы және конфессиялық кеңістіктігінің алуан түрлі болуымен тікелей байланысты және осы жағдайында да өте маңызды. Барлық мектептер мен білім алу ордаларында дінтану саласында жүйелі әрі сапалы білімнің берілуі Қазақстанның болашақтағы және қазіргі ішкі тұрақтылығының сақталуына септігін тигізетіні айқын.

Осы таңда психологияның дінтануға қандай қатысы бар деген сауал туындайды. Психология мен дінтанудың қосындысынан дін психологиясы пайда болады.

Дін психологиясы

Дін психологиясы пәні психологиялық аспектілер мен діни құбылыстардың заңдылықтарын қарастырады. Яғни дін психологиясы діни құбылыстарды зерттейтін адам ғылымы. Жалпы тәрбиелік жағынан қарағанда діни психология адамның рухани өмірі мен әрекеті ішінде діни функцияларды қамтыған әрбір мәселені зерттеу тақырыбына айналдырады.

Діни ғұламалардың, қайраткерлердің жасаған идеялогияларының жүйесі. Қоғамдық болмысты, адамдарды қоршаған дүниені танудағы мазмұнды түсініктер мен ұғымдар болып табылады Адам – белгілі бір қоғамның мүшесі. Ол қандай да болмасын бір іспен айналысады. Оның азды-көпті тәжірибесі, білімі, өзіне тән өзгешеліктері болады. Осы айтылғандардың жиынтығы оны «жеке адам» етеді. Мәселен, жаңа туған нәрестені адам деп атауға толық болады. Бірақ әлі де жеке адам емес. Өйткені, онда жоғарыда аталған компоненттер, тәжірибе, білім, іс-әрекет т. б. жоқ. Жеке адамның өзіндік ерекшелігі дүние танымынан, сенімінен, талғамынан, мұратынан, бағытынан, қабілетінен, қызығуынан жақсы байқалады. Жеке адам – тарихи әлеуметтік жағдайының жемісі. Ол әлеуметтік ортада, белгілі қоғамда коллективте ғана қалыптасады. Жеке адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені, оның психикасы тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау процесінде ғана мазмұнға ие болады. Жеке адам санасының дамуы қоғамның дамуымен байланысты, қоғамнан, әлеуметтен тыс адам өмірінің болуы мүмкін емес. Қоғам әрқайсысының өзіне тән өзгешелігі бар жеке адамдардан құралады. Жеке адам әлеуметтік дамудың жемісі. Ол халықпен бірге өмір сүріп, коллективпен бірге еңбек процесіне қатысып отыратын әлеуметтік қайраткер. Жеке адам әлеуметтік ортаға ғана қалыптасады.

Дін психологиясының негізгі қарастыратын тақырыптары мыналар: діни тәрбие және қабілет, діни сенім және тәжірибе, дұға және ғибадаттар, тура жол, діннен қорқу немесе сенімсіздік және т.б. Дін психологиясының мақсаты адамның діни өмірін қарастырып, мүмкін болғанынша объективтік ғылыми білім үйрету.

Сонымен қатар психология арқылы біз болашақ кәсібімізде сабырлы болуды, өзіміздің жіне өзгелердің ішкі жан дүниесін түсініп үйренеміз. Сыртқы ортамен байланыс жасай аламыз. Өзімізге немесе жанымыздағы адамдарға мотивация бере аламыз. Ішкі тыныштық пен сыртқы тыныштықты қатар ұстай алатын боламыз. Оған қоса бойымыздағы құндылықтарды жұмыс барысында жақсы көрсете аламыз. Ал енді эмоция мен сезімге келсек жоғарғы сезімдеп этапында болуды үйренеміз. Әр кез эмоцияларымызды тежей алатын деңгейге жетеміз. Осының бәрі болашақ кәсіпте өз-өзімізді жақсы жақтан көрсетіге және көптеген жетістіктерге жетуге көмек қолын созады. Әрине егер қазірден бастап психологиямен жақсылап айналыссан.

«Өз-өзінді жеңу – жеңістердің жеңісі» деген екен Платон. Сондықтан бойымыздағы жалқаулық пен еріншектікті жеңіп психологиямен айналысайық.

Қазіргі заманғы Қазақстан – көпұлтты және жартылай конфессиялық ел. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыс

кеңесінің деректері бойынша, 2002 жылдың срңына қарай 40-тан аса конфессиялардың мүдделеріне өкілеттік ететін

және 2215 діни құрылысы бар 1980 діни бірлестіктің қызмет ететіні белгілі болды.

Дінтанушылардың қолында бар, оның ішінде өзіміздің зерттеулеріміз барысында алынған фактілер бойынша, қазіргі уақытта біздің еліміздегі діншілдік саласында төмендегі үрдістер басым:

Өртүрлі әлеуметтік және ұлттық орталарда діншілдік деңгейінің тұрақтануы орын алып отыр.

Діни қызметтің түп-тамырларының, қайнар бұлақтарының бар жүйесінің қоғамның тұрақсыздығынан және басқа да қолайсыз жағдайлардың әсерінен туған тереңдеуі (және ішінара кеңеюі) байқалады.

Діншілдіктің тұрмыстық түрлерінің үлес салмағы көтерілуде және бір мезгілде консервативтік іргелі элементтердің қысымымен, сонымен бірге қоғамдық пікірдің плюрализациясы мен жұртшылықтың нақты да дұрыс мәліметтер алу деңгейінің төмендеуі нәтижесінде діннің саясаттануы белең алып бара жатыр.

Діни ортада ғана емес, жартылай діни ортада да эсхологикалық және messiандық ақыл ой шабыты, құдайіздеушілік және құдайжасаушылық сенделіс (әрі сәрі солқылдақтық) және діни негізді ұлттық ерекшелік идеологиясына келтіру әрекеттері күшеюде.

Бұрындары мемлекеттік құрылысқа қарсы болып келген бірқатар діни топтарды заңдастыру үдерісі жалғасып келеді, алайда басқа конфессиялардың оппозицияға кетіп қалуы мүмкіндігі де жоққа шығаруға болмайды.

Дүниетанымдық топтардың әрқайсысының өз өзқарасын басқаға күштеп тануға тырысып және төзімсіздік пен фанатизм көрініс беріп жатқан кезде, жаппай клерикальдық – діни сана мен қарым қатынаста елеулі құбылушылық пен ауытқушылық әлі де сақталып отыр.

Әдебиеттер:

1. 4 томдық Жаңа философиялық энциклопедия. – III т. М., 2001. 435-436 б.т.
2. Дін психологиясының мақсаты / Өтепбергенова Т. //Қазақстан мектебі, 2015, №6.
3. Жастардың діни психологиялық белсенділігінің негіздері / У. К. Шубаева // ҚазҰУ хабаршы. Философия сериясы, 2011, №2(37).
4. Дін және қоғам: «Ерен» дінтанулық кеңес беру орталығы» қоғамдық қоры /Құрастырған: А. Әбдірасілқызы. Т. Әбуов, М.Исахан, М.Муслимов., Астана, 2015.
5. Вебер М. Избранные произведения. – М., 1990.
6. Джемс В. Многообразие религиозного опыта. СПб., 1993.

7. Құран Кәрім. – Алматы, 1991.
8. Коран. Перевод и комментарии. И.Ю. Крачковского. М., 1986.
9. Зинаида Миркина, Григорий Померанцев. Великие религии мира. М., 1995.
10. Подопригора Р.А. Закон о свободе вероисповедания религиозных объединениях. – Алматы, 2002.
11. Яблоков И.Н. Религиоведение. – М., 2001.

**Өскемен қаласы С. Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан Университеті
«Психология және коррекцилық педагогика»
кафедрасының сениор-лекторы, магистрі Матаева Б.Ү.
«Химия» мамандығының 1 курс студенті Пердеш Балнұр**

БУЛЛИНГТІҢ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯСЫНА ӘСЕРІ

Біздің еліміздегі тақырып "танымалдылыққа" ие болып келеді және қазіргі заманғы білім беру жүйесінің айқын проблемасы ретінде барған сайын жарықтандырылып, жарыққа шығады.

"Буллинг" ұғымы (ағылш. bullying-қорқыту) XX ғасырда пайда болды. Бірақ ол жақында "мектептегі буллинг" кітабының авторы, норвегиялық психология профессоры дан Ольвеустың арқасында қазіргі заманғы маңызға ие болды.

Буллинг -бұл зорлық-зомбылықтың бір түрі, ол ұжым мүшелерінің бірін екіншісінен немесе адамдар тобынан агрессивті түрде қудалауды қамтиды.

Буллинг тек тікелей жәбірленуші үшін ғана қауіпті емес. Бұл сыныпта зиянды атмосфера жасайды-өйткені бәрі келесі болудан қорқады. Сондықтан буллингті анықтау, қорлаудың кез келген көріністеріне жауап беру және мектепте буллингтің алдын алу жоспарын жасау қажет. Және мүмкіндігінше тезірек. Мұны қалай жасауға болады — біз әлеуметтік психолог және Саятшылық қорының директоры Лилия Брайнисті түсіндіруді сұрадық.

Буллинг, жанжалдан айырмашылығы, қайталанатын, жүйелі әрекеттер. Балалар сауығып, тіпті төбелесуі мүмкін, бірақ мектепте буллинг кезінде әрқашан жүйелі және күш теңсіздігі болады: сандық, физикалық (біреу күшті, біреу әлсіз), мәртебе (біреуі танымал, екіншісі жоқ).

Егде жастағы балаларда буллинг көбінесе жасырын түрде болады, бұл буллингті анықтауды қиындатады. Буллинг объектісі мұғалімнің қатысуымен мазақ етілмейді, оған аяқ киім қойылмайды, теппейді, рюкзактарын тастамайды. Бұл жағдайда бала сыныптастарының үнемі моральдық қорлауына ұшырауы мүмкін.

Қорлау тек жұмыс істемейтін мектептерде кездеседі деген аңыз бар. Немесе, керісінше, тек жабық, элиталық мекемелерде. Немесе-олар тек "бәрі сияқты емес ақ", қарғаларды улайды. Шын мәнінде, кез-келген адам жәбірленуші бола алады және кез-келген мектепте буллингті анықтауға болады. Бұл белгілі бір баланың қасиеттері туралы емес, бұл құбылыстың артындағы механизмнің өзі туралы.

Буллинг қарым-қатынас үстемдік пен бағынуға негізделген жерде пайда болады. Мұндай тәжірибені бала отбасында немесе мектепте ала алады. Кімде-

кім қорлауды бастаса, басқаша қарым-қатынас орнатуды білмейді. Сондықтан ол өзі көрген және бастан өткерген нәрсені қайталайды. Мектепте буллингтің алдын алу үшін балалардың агрессивті мінез-құлқына назар аудару керек.

Мектептегі буллингтің себебі тіпті мұғалімнің мінез-құлқы болуы мүмкін. Егер ол мойынсұнуды қажет етсе, айқын "сүйіктілері" болса, балаларды қорлауға (әсіресе құрдастарының қатысуымен), олардың сәтсіздіктерін немесе ерекшеліктерін (айтылуы, сыртқы түрі) мазақ етуге мүмкіндік берсе, кемсітушілік мәлімдемелерге мүмкіндік береді — ол басқаларға өзін осылай ұстау және мектепте буллингтің алдын алу мүмкін делаетстігі туралы сигнал береді.

Бұл жағымсыз құбылыстың таралуына қарамастан, бөлігі ата-аналар оның ықтимал қаупін әлі де бағаламайды. Олар алкогольді және басқа да тыйым салынған заттарды тұтыну, ерте жыныстық қатынас немесе ақыр соңында нашар үлгерім мәселелерімен айналысады. Алайда, жағымсыз әсердің ауырлығы мен ұзақтығына қатысты көптеген қиындықтарды буллингпен салыстыруға болмайды.

Жасөспірім кезіндегі тұлғаның қалыптасуына көптеген факторлар әсер етеді. Сыныптастарын қорлау және қудалау, тұрақты психологиялық қысым психиканы бұзады, мінез-құлық ерекшеліктерін көптеген жылдар бойы алға қояды. Жағдай балалардың сабаққа барудан бас тартуына дейін жетеді. Немесе олар мектепке барады, бірақ сонымен бірге үнемі серуендейді дейді.

Ата-аналар үшін жасөспірімдер қорлауға тап болған сәтті жіберіп алмау өте маңызды. Мұны кейбір белгілер арқылы анықтауға болады. Балалар кенеттен нашар оқи бастайды, олардың өзін-өзі бағалауы күрт төмендейді. Депрессия кезеңдері мінез — құлықтағы агрессивтілікке жол береді-үйде де, мектепте де.

Бұл мінез-құлық енді жасөспірімдік шақтың әдеттегі проблемаларына ұқсамайды. Осы жылдары пайда болған эмоционалды тыртықтар ұзақ уақыт емделмейді және баланың кейінгі өмірінің көптеген аспектілеріне әсер етуі мүмкін. Ата-аналар бұл тек буллинг құрбандарына қатысты емес екенін есте ұстауы керек.

Басқа балаларға шабуыл жасаушылар және қудалауға қатысқандар да психологиялық проблемалардан зардап шегеді. Сабаққа назар аудармау, нашар бағалау, алкогольді тұтыну, темекі шегу, агрессияға және зорлық — зомбылыққа бейімділік-бұл ересектерге назар аудару керек жағымсыз салдардың бір бөлігі ғана. Ата-аналар үшін дабыл қоңырауы жасөспірімдердің, мысалы, кино кейіпкерлеріне жанашырлық танытпауы, отбасы мүшелерімен үнемі қақтығысып, импульсивті әрекет етуі керек.

Жасөспірім кезіндегі әр адамның өзіндік ерекшеліктері бар. Әрине, қорлауға реакция әр түрлі болады. Біреу әсіресе әлеуметтік қуғын-сүргін мәртебесіне қатты әсер етеді, басқалары физикалық буллинг қаупінен қорқады, ал басқалары жаһандық желіде қорлаудың таралуына байланысты депрессияға ұшырайды. Кейде физикалық зорлық-зомбылықтан гөрі мазақ ету және мазақ ету туралы пікірлер ауырады.

Буллингке байланысты жасөспірім проблемалары көбінесе баланың физикалық және эмоционалдық жағдайының немесе оның тәрбиесінің ерекшеліктерімен байланысты. Шабуылдың нысаны, әдетте, физикалық тұрғыдан әлсіз, эмоционалды тұрақсыз, өзін-өзі бағалауы төмен адамдар болады. Кейде буллинг бала басқаларға ұқсамайтындықтан басталады-ұлты, киім стилі, әдеттері, дене бітімі (мысалы, артық салмақ).

Олар ғана емес, сонымен бірге бұл үшін барынша күш салуға міндетті. Жасөспірімдік мәселелерді шешу-ересектердің тікелей міндеті. Бірақ қандай да бір қадам жасамас бұрын, сіздің балаңыз буллингтің құрбаны болғанына көз жеткізуіңіз керек.

Әрбір жасөспірім жанын ашып, оның көзқарасы бойынша осындай ұят нәрселер туралы айтуға дайын емес. Біреу ата-ананың тым қатал немесе жай ғана дұрыс емес әрекет етуінен қорқады. Біреу, керісінше, қудалаудың құрбаны болғанын мойындаудан ұялады, "әлсіз". Бұл әсіресе ұлдарға қатысты.

Баланың өзі көмек сұрағанын күтудің қажеті жоқ. Туындаған мәселелерді жанама белгілер бойынша бағалауға болады. Бұл оның мінезіндегі немесе мінез-құлқындағы өзгерістер ғана емес. Буллингтің айтарлықтай физикалық көріністері бар.

Бұл көгерулер мен абразиялардың жиі пайда болуы мүмкін, оны енді спортзалдағы сәтсіз әрекеттермен түсіндіруге болмайды. Сондай-ақ, киім-кешек жыртылуы немесе ластануы, кейбір Оқу құралдары жоғалып кетуі немесе сынуы мүмкін. Тағы бір белгі — бала қалта ақшасын алса да, мектептен үнемі аш келеді.

Жасөспірім кезіндегі заманауи тұлға көбінесе интернетте-форумдарда, әлеуметтік желілерде қалыптасады. Егер бұрын әлеуметтік желілерде ілулі тұрған компьютермен немесе Смартфонмен қоштаспаған бала кенеттен оларға қызығушылық танытпаса, бұл да алаңдаушылық тудырады. Бұл дегеніміз, желідегі байланыс оған жағымсыз болды және бұрынғы жағымды эмоцияларды тудырмайды.

Ата-аналар өзін-өзі бағалауды арттыру үшін жасөспірімдерді жиі мақтауы керек. Өздерін сенімді сезініп, олар қылмыскерлермен күресіп, өз көзқарастарын қорғай алады. Балалардың мектеп істеріне үнемі қызығушылық таныту керек. Мұны ресми түрде емес, егжей-тегжейлі жасау, олардың өміріне қатысуын баса көрсету. Олардың басқа балаларды ренжітуіне жол бермеңіз. Егер бұл сіздің көз алдыңызда болса-жанжал мен шабуылдарды тоқтатыңыз, содан кейін балаңызбен жалғыз неге бұлай істеуге болмайтынын түсіндіріңіз.

Жасөспірім кезіндегі проблемалардың көзі отбасындағы жағдай болуы мүмкін. Егер бала ата-анасының қысымына ұшыраса, кек сақтайды, түсінбесе, онда ол өзінің жағымсыз эмоцияларын басқа балаларға жібере алады. Сондықтан сіздің балаңыз біреуді қорлауға қатысады деп күдіктенсеңіз, оған деген көзқарасыңызды мұқият қарауыңыз керек. Мүмкін олар туралы бір нәрсені өзгерту керек шығар.

Егер мектепте буллинг көріністері болса, сіз басқа ата-аналармен бірігуіңіз керек. Білім беру мекемесінде осы құбылысқа қарсы күрес бағдарламалары

болуы керек. Оларды дамыту бойынша ұсыныстарыңызды енгізіңіз. Мұндай мамандандырылған бағдарламалар болмаған жағдайда, мамандарды (мысалы, психологтарды) тарта отырып, оларды әзірлеуді талап ету керек.

Кез-келген бала физикалық, интеллектуалдық қабілеттеріне немесе материалдық жағдайына қарамастан буллингтің құрбаны бола алады. Психологиялық жарақат тек қорлауға қатысушылар ғана емес, оның куәгерлері де алады.

Егер сіз өзіңіздің мектебіңізде қорлау бар екенін білсеңіз, сіз шетте қалмай, жағдайды өз бетіңізше жібере алмайсыз. Оны мұғалімдермен және басқа ата-аналармен талқылап, одан шығудың жолын табуға тырысыңыз.

Балаңызбен булинг туралы сөйлесіңіз, егер ол немесе мектептегі басқа балалар қорқытса, қалай әрекет ету керектігін түсіндіріңіз. Баланың өзі агрессор болмас үшін басқа адамдардың шекараларына деген эмпатиясы мен құрметін дамытыңыз.

Әдебиеттер:

1. Буллинг себептері, формалары, алдын-алу :<http://skazka-ozersk.ru/2018-2019/bezopasnost/bulling-prichiny-formy-profilaktika.pdf>(өтініш берген күні: 29.03.2019).
2. Кон И. С. Буллинг дегеніміз не, онымен қалай күресуге болады? / И. С. Кон // Отбасы және мектеп, 2016 – № 11.
3. Мальцева О.А. жасөспірімдер ортасындағы қатыгездік пен агрессивтіліктің алдын алу және оны жеңу жолдары / О. А. Мальцева // Тюмень мемлекеттік университеті — 2019. — № 7
4. Жасөспірім кезіндегі буллинг мәселесі. [Электрондық ресурс] <https://scienceforum.ru/2013/article/2013004145> (өтініш берген күні: 27.03.2019).
5. Жасөспірімдердің буллингтің психологиялық ерекшеліктері. <https://cyberleninka.ru/article/v/psihologicheskie-osobennosti-podrostkovogo-bullinga> (өтініш берген күні: 25.03.2019).
6. Руллан Э. мектепте қорлауды қалай тоқтатуға болады. Моббинг мәселесі. — М.: Генезис, 2018. 264 б.

Educational psychology

Рахиев Р.Б.

ПЕДАГОГТЫҚ ҚАБІЛЕТТІҢ ПСИХОЛОГИЯҒА ҚАТЫСЫ

Педагогтық қабілет-мұғалімнің педагогтік қызметте жоғары нәтижелерге жетуін қамтамасыз ететіндей даралық-психологиялық ерекшеліктері мен кәсіптік тұрғыдан маңызды қасиеттерінің жалпылама жиынтығы.

Педагогтық қызметте табысқа жету бірқатар себептермен: мұғалім білімінің тереңдігі және кеңдігімен, оның жалпы мәдениет деңгейімен, әдістемелік қарулануымен, ақырында оның жеке басының ерекшеліктерімен анықталады. Осы айтылғандармен қатар табысқа жетуде, ең бастысы, қызметтің шығармашылық сипатта болуында педагогтық қабілеттің елеулі мәні бар. Дегенмен педагогтық қабілеттің бар-жоғын топшылауға болады. Ол белгілер: тұрақты педагогтық байқағыштыққа бейімділік, педагогтық қиялдау. Егер адамда мұғалімдік жұмысқа деген бейімділік болса, онда ол педагогтық қызметтен ләззат алады да бар күш-жігерін өзі сүйген іске жұмсауға талпынады. Осындай бейімділіктің, ал кейінен істі жан-тәнімен сүюдің негізінде бастапқы кезде саналы түрде болмаса да балаға деген үйір сезімі, ал содан соң оларға деген айқындалған саналы сүйіспеншіліктің жатуы мүмкін. Педагогтық жұмысқа бейімділік мектепте оқып жүрген жылдардың өзінде көрініс беруі мүмкін. Ол тек мұғалім боламын деген талаптан ғана емес, сондай-ақ жас шәкіртермен жүргізілетін қоғамдық жұмысқа ынтадан да білінеді.

Мұғалімге тән жіті байқағыштық – педагогтық қабілеттің өзекті қасиеті. Бұл оқушыны ұғынуға, оның әр түрлі эмоциялық жағдайының, ұшыраған қиындықтарының басты себептерін байқауға жәрдемдеседі. Байқағыштық қасиет арқасында мұғалім шәкірт мінез-құлқындағы көзге түсе бермейтін өзгерістерді қалт жібермейді және оның болашағын болжай алады. Осындай педагогикалық байқағыштық оқушыларға білім беру және тәрбиелеуді білгірлікпен жүзеге асыру жолында мұғалімнің сүйеніші болатын жеткілікті материал береді. Ұстаздық қабілеттің жетекші қасиеті - педагогикалық қиялдау. Бұл мұғалімге шәкірттің дамуын жобалауға қажетті. Баланың өткен және қазіргі өмірін терең білуге сүйеніп, мұғалім оқушының келешекте қандай жағдайда, қандай болатынын топшылай алады. Логикалық оймен біте қайнасқан шығармашылық қиял педагогтық талантқа тән педагогтық тапқыштықты қамтамасыз етеді. Ұстаздық қабілеттің жетекші қасиеті - педагогикалық қиялдау. Бұл мұғалімге шәкірттің дамуын жобалауға қажетті. Баланың өткен және қазіргі өмірін терең білуге сүйеніп, мұғалім оқушының келешекте қандай жағдайда, қандай болатынын топшылай алады. Логикалық оймен біте қайнасқан

шығармашылық қиял педагогтық талантқа тән педагогтық тапқыштықты қамтамасыз етеді. Талантты мұғалім - жаңашыл.

Балалар ұжымымен байланысты болатын мұғалімдерге ұйымдастырғыштық қабілет қажет. Мұғалімнің мамандығына орай (тарихшы, математик, физик т.б.) басқа да арнаулы қабілеттер қажет болады. Мәселен, әдебиет пәнінің мұғалімі көркемдік талғаммен коса әдеби шығармашылық қабілетке ие болса, нұр үстіне нұр. Арнаулы қабілеттерінің өрісі кең ұстаздар оқушылардың пәнге деген ынтасын арттырып қана қоймай, шығармашылықпен ойлауға машықтандырады.

Қабілет - жеке адамның оқшауланып тұратын құрылымы емес. Ол адамның тұтас психикалық қалпындағы басқа қасиеттерімен табиғи бірлікте болады. Қабілет және наным. Көптеген ғалымдар мен жазушылардың айтуынша, адамның іс-әрекетіне, әсіресе шығармасына оның нанымы із қалдырады. Маңызды әлеуметтік талпыныстар - адамның белсенділігін арттырады. Егер адам халқына қызмет етуді, адамзатты, тым болмаса ұжымын материалдық немесе рухани жағынан байыта түсуді мақсат тұтса - онда осы мақсат алдағы міндетті орындауға қажетті қуат береді. Керісінше, идеялық талпынысы жоқ, күнделікті күйкі тіршілікпен немесе той-даңғазалықпен өмір сүретін адам қоғамдық іске күш жұмсағысы келмейді, қабілетті дамытуға қажетті қуат пен белсенділік көрсете алмайды.

Сезім және қабілет. Іске деген сүйіспеншілік, оған шын берілгендік-талант пен қабілеттің дамуы мен көрініс беруінің басты шарты. Іске беріле, құмарта қарау, әрекеттің әлеуметтік маңыздылығын, оның нәтижелерін, табиғат пен қоғамдық өмір құбылыстарының (адамның шығармашылық ісінің объектісі ретінде) жеке адамға қалайша әсер етуінің күш-қуатын түсіне білумен тығыз байланысып жатады. Эмоциялық әсерлену күші бір жағынан объектінің сипатымен, екінші жағынан адамның сезімталдығымен анықталады.

Ерік сапалары және қабілет. Шығармашылық істің қандайы болмасын адамның барлық күш-қуатын жұмсауды қажет етеді. Шабыттану мен көңіл тасудың уақытша жылт етуі үздіксіз қажырлы еңбек етуді қамтамасыз ете алмайды: бұл үшін жүйелі және белгілі тәсілмен еңбек етуге қол жеткізетін, кедергілерді жеңуге мүмкіндік беретін жігер қажет. Мақсаттан қайтпау, батылдық, ерлік және өзін-өзі ұстай білу, табандылық және дербестілік - бұлар аса дарынды, көрнекті қайраткерлер де бөлек емес болатын ерік сапалары.

Қабілеттілік білім, ептілік, дағды негізінде көрініп, дамығанмен олармен ғана шектеліп қоймайды. Сондықтан баланың білімінің шамалылығын, оның қабілетінің жоқтығынан деп қалмас үшін оқушылардың қабілеттілігін анықтауда өте сақ және ұқыпты болу керек. Қандай да бір себептерден мектепте нашар оқыған, болашақта ірі ғалым болып шыққандар жөнінде кейде осындай қателіктер жіберілген. Осы себептен де қабілеттілік туралы қабілеттінің нашарлығы емес, білімінің аздығын көрсететін кейбір қасиеттері негізінде ғана қорытынды шығару дұрыс болмас еді.

Кез-келген адамның екі-үш түрлі іс-әрекетті атқаруға бейімдігі болады. Бұл-адам қабілетінің жалпы түрі, өмір сүруі мен тіршілік етуге дейін икемі және әрекетшіл көрінісі. Адам әрекетсіз, еңбексіз ешқандай іс тындыра алмайтын болса, ол өмір сүре алмас еді. Жалпы, қабілет адамның жеке басының әрекетімен байланысты түрде жүзеге асады. Адамның даралық ерекшеліктерінен оның арнаулы қабілеті де аңғарылады. Қабілеттің арнаулы түрі белгілі бір істі үздік орынлаудан, оған деген ықылас-ынтадан, дағды мен икемділіктен айқын көрінеді.

Адам қабілетінің даралық ерекшеліктеріне талант, дарындылық, данышпандылық сияқты қасиеттер де жатады. Дарындылық-адамның белгілі бір іске деген айрықша қабілеттілігі, өмірдің қандай да бір саласында өзін ерекше қырынан көрсетуі.

Қабілеттің жоғарғы деңгейде дамуы талант деп аталады. Талант-адамның нақты бір істі нәтижелі орындаудағы қабілетінің біршама жағымды қасиеттерінің өзара байланысты түрде үндесуі. Талантты адам өмірде белгілі бір пайдалы әрекетпен шұғылданады, сол бағытта ірі жетістіктерге де жетеді. Соның арқасында оның іс-әрекеті өзгелерге өнеге болады, жемісті нәтиже беретіні айтпаса да белгілі.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1.Бабаев С. Б., Оңалбек Ж. К.«жалпы педагогика». Алматы 2005ж**
- 2. Жарықбаев Қ.Б.«Психология негіздері». Алматы 2005ж.**
- 3. Намазбаева Ж.И.« Психология». Алматы: 2005ж.**
- 4.Алдамұратов Ә.«жалпы психология».Алматы 1996ж**

TECHNICAL SCIENCE

Mechanics

Бурдин И. В., Сенокосов Г.А, Демко А.Ю., к.т.н. Гурвич Ю.А.

Белорусская государственная академия авиации, Беларусь

ПРИМЕРЫ РЕШЕНИЯ ЗАДАЧ СИНТЕЗА КИНЕМАТИКИ СЛОЖНОГО ДВИЖЕНИЯ ТОЧКИ ПО ТРЁХЭЛЕМЕНТНЫМ КРИТЕРИЯМ

Постановка и алгоритм решения задач многокритериального синтеза КСДТ

Описание алгоритма формирования методами многокритериального синтеза схем сложного движения точки M из простых элементов конструкций переносного (e) и относительного (r) движений в соответствии с критериями – числом и видом векторных слагаемых абсолютного ускорения a .

1. В каждой из пяти групп (кроме пятой) выбираем по три критерия абсолютного ускорения точки.

2. Схемы сложного движения точки M соответствующие критериям – числу и виду векторных слагаемых абсолютного ускорения a , приведенные в пункте 1, необходимо формировать методами синтеза двумя простыми элементами конструкций переносного движения.

3. Затем к сформированным схемам переносного движения добавляются по одному простому элементу относительного движения.

4. На сформированных схемах абсолютного движения точки M покажем все векторы, которые отображают кинематические характеристики сложного движения точки каждого из девяти выбранных критериев.

Простые элементы конструкций переносного и относительного движений точки M (рис. 1)



Рис. 1. Простые элементы слева – направо: переносного движения e – 1-6, вид A ; относительного движения r – 1-7, OM

Опишем алгоритм формирования методами синтеза схем сложного движения точки M из простых элементов конструкций переносного и относительного движений (рис. 2) в соответствии с тремя критериями третьей группы – числом и видом векторных слагаемых абсолютного ускорения a . На сформированных схемах показаны все векторы кинематических характеристик сложного движения точки, отображающих эти критерии:

$$\bar{a} = \bar{a}_r^n + \bar{a}_e^\tau + \bar{a}_e^n, \quad \bar{a} = \bar{a}_e^\tau + \bar{a}_e^n + \bar{a}_k, \quad \bar{a} = \bar{a}_r^\tau + \bar{a}_e^\tau + \bar{a}_e^n.$$

1. Сформируем по две отличные друг от друга схемы переносного движения для первого, второго и третьего критериев:

$$(2e + 5e), (2e + 4e);$$

$$(2e + 4e), (2e + 4e);$$

$$(2e + 5e), (2e + 4e).$$

При формировании переносного движения в виде $(2e + 5e)$ рамка 2 своими двумя горизонтальными направляющими войдет в два криволинейных эквидистантных паза, сделанных пальчиковой фрезой. При движении влево – вправо от нейтрального положения рамка 2 будет совершать поступательное криволинейное движение, как люльки вращающего колеса обозрения.

2. Затем к сформированным шести схемам переносного движения добавляются простые элементы относительного движения

$$(2e + 5e + 6r), (2e + 4e + 6r);$$

$$(2e + 4e + 4r), (2e + 4e + 7r);$$

$$(2e + 5e + 3r), (2e + 4e + 1r).$$

3. На первой сформированной схеме в прямоугольных декартовых осях XYZ показаны векторы $\overline{V_r}$, $\overline{a_e^n}$, $\overline{a_e^\tau}$, $\overline{a_r^n}$, на второй – шестой схемах – $\overline{\omega_e}$, $\overline{\varepsilon_e}$, $\overline{V_r}$, $\overline{a_e^n}$, $\overline{a_e^\tau}$, $\overline{a_k}$ (рис. 2).




Рисунок 3.4 – Варианты схем синтеза КСДТ, построенных по критериям

$$\bar{a} = \bar{a}_r^n + \bar{a}_e^\tau + \bar{a}_e^n, \quad \bar{a} = \bar{a}_e^\tau + \bar{a}_e^n + \bar{a}_k, \quad \bar{a} = \bar{a}_r^\tau + \bar{a}_e^\tau + \bar{a}_e^n$$

Результат синтеза. Из простых элементов переносного и относительного движений точки M сформировано по две схемы КСДТ, отображающие критерии третьей группы $\bar{a} = \bar{a}_r^n + \bar{a}_e^\tau + \bar{a}_e^n$, $\bar{a} = \bar{a}_e^\tau + \bar{a}_e^n + \bar{a}_k$, $\bar{a} = \bar{a}_r^\tau + \bar{a}_e^\tau + \bar{a}_e^n$.

Таким образом описан алгоритм формирования методами многокритериального синтеза b схем сложного движения точки M , состоящих из простых элементов конструкций переносного и относительного движений (рис. 1) в соответствии с критериями – числом и видом векторных слагаемых абсолютного ускорения точки \bar{a} . В отличие от решений задач анализа КСДТ, где, как правило, существует единственное решение, в задачах синтеза КСДТ – множество решений. Поэтому при решении одной задачи синтеза КСДТ можно создавать множество задач анализа КСДТ, например, сформированные с помощью простых элементов отличные друг от друга схемы КСДТ можно увеличить за счет введения новых простых элементов, что позволяет студентам самим формировать задачи и задачки по теоретической механике.

ЛИТЕРАТУРА

1. Демко, А. Ю. Постановка задачи многокритериального исследования кинематики сложного движения точки / А. Ю. Демко, О. С. Порожнюк, Ю. А. Гурвич // Science without borders – 2022: materials of the XVIII International scientific and practical Conference, Sheffield, March 30 – April 7 2022. Sheffield: Science and Education LTD., 2021. – V.5. – P. 33 – 38.

CONTENTS

ECONOMIC SCIENCE

Regional economy

Шомшекова Балхия ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУ МӘНІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	3
--	---

Foreign economic activity

Залесский Б.Л. ЦЕЛЬ - ПРОДВИЖЕНИЕ КОНКРЕТНЫХ ПРОЕКТОВ.....	11
--	----

Accounting and auditing

Мусабекова Д.А, Разалиева Л.В ПЛАНИРОВАНИЕ И КОНТРОЛЬ УРОВНЯ ЗАПАСОВ НА ПРЕДПРИЯТИИ ТОО CLAYCANDLE	15
--	----

Калмыкова Ю. Н., Разливаева Л. В. ОРГАНИЗАЦИЯ УЧЁТА И СПИСАНИЯ РАСХОДОВ БУДУЩИХ ПЕРИОДОВ НА ПРЕДПРИЯТИИ ТОО «МОДНЫЕ СКЛАДКИ».	21
---	----

Толегенова Ж.Д, Разлиева Л.В. ОРГАНИЗАЦИЯ УЧЕТА ЗАТРАТ НА ПРОИЗВОДСТВО ПРОДУКЦИИ ПО СТАТЬЯМ КАЛЬКУЛЯЦИИ НА ПРЕДПРИЯТИИ ТОО «КОЛОСHEESE»	26
---	----

Ткаленко А.С., Разливаева Л.В. ОРГАНИЗАЦИЯ УЧЕТА НАКЛАДНЫХ РАСХОДОВ И МЕТОДИКА ИХ РАСПРЕДЕЛЕНИЯ, РЕКОМЕНДУЕМАЯ ДЛЯ ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА ПРИМЕРЕ ТОО «ПРОГРЕСС»	30
--	----

Толеубаева К.М., Разливаева Л.В. ВЗАИМОСВЯЗЬ ФИНАНСОВОГО И УПРАВЛЕНЧЕСКОГО УЧЕТА НА ПРЕДПРИЯТИИ ТОО «НОМЕ РИК»	36
--	----

Вишнякова А. М., Разливаева Л.В. ПОПРОЦЕССНЫЙ МЕТОД УЧЕТА ЗАТРАТ НА ПРОИЗВОДСТВО И КАЛЬКУЛИРОВАНИЯ: ОПТИМИЗАЦИЯ КОНТРОЛЯ ЗАТРАТ В БИЗНЕСЕ.....	42
--	----

Economy of industry

Сегизбаева Д.У,Спанова Л.К ТУРИЗМ И ЕГО РОЛЬ В ЭКОНОМИКЕ	46
--	----

PHILOSOPHY

Social philosophy

Төрехан Гаухар ДІНТАНУ-ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫР СЫРЫ	50
--	----

PHYSICAL CULTURE AND SPORT

Physical culture and sport: problems, researches, offers

Уразова Г. М., Танаев К. Т. СПОРТТЫҚ ЖАРАҚАТТАРДЫҢ БОЛУ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ	55
--	----

PHILOLOGICAL SCIENCES

Language, speech, speech communication

Dzharkimbekova N.K. IMPORTANCE OF ENGLISH TO CAREER OF DOCTOR	59
Жұмахан А., Акатаева Ш.Б. АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІ.....	62
Соляник В. І. МОВНІ ЗАСОБИ ВИРАЖЕННЯ РЕТРОСПЕКЦІЇ У ТВОРАХ У.С.МОЕМА	66

PHYSICS

Theoretical physics.

Матаева Б.Ү. Нургазиева А. ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ КЕЗЕҢІ	69
--	----

HISTORY

General history

Баербекова А., Нұртазин М. ТӨҢКЕРІСКЕ ДЕЙІНГІ ЗАҢ ҰҒЫМДАРЫН БІЛДІРЕТІН СӨЗДЕР	73
Жакупов Қайрат ,Жангабулова З.К. ҰЛЫТАУ – ТАРИХ ТҮНБАСЫ.....	79

MUSIC AND LIFE

Music: learning and teaching

Kineshev Nauryz FORMATION OF THE CHORAL GENRE IN THE WORKS OF KAZAKH COMPOSERS	83
---	----

MATHEMATICS

Perspectives of information systems

Наурызбаева Р.М. НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ ИССЛЕДОВАНИЯ ФУНКЦИЙ В ПОЛЯРНОЙ СИСТЕМЕ КООРДИНАТ	87
---	----

Applied mathematics.

Ахметова С.С., Жақсылықова С. МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ КЕЗЕҢДЕРІ	97
--	----

PEDAGOGICAL SCIENCES

Problems of training of specialists

Қарақов А.Қ., Балтабаев Е.Ж.,Әбішев К.С., Мақсұтов Б.М. БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР	102
Примжарова Раяш, Есенова Э. СЕТЕВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ИЗУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ	106
Beisenbayeva B.A. ON STRATEGIES AND METHODS OF TASK -BASED LEARNING IN TEACHING ENGLISH	111
Уразова Г.М., Бекбергенова М. Н. ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫН ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ	116
Айдарханов Д.,Еликбаева С. ҚАЗАҚ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ ДЕҢГЕЙІНДЕ ОҚЫТУ	121
Сатдарова К. ,Келмағанбетова Ш.С. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ	124
Кельмағанбетова А. С. ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫ.....	129
Оспанова Ф. А. ШЕТЕЛ ТІЛІН ӨЗ БЕТІНШЕ ОҚУДЫҢ ТИІМДІ ТҮРЛЕРІ.....	135
Osrapova F.A. TECHNICAL FEATURES OF AUDIOLINGUAL METHOD IN TEACHING ENGLISH	144
Мумбаева К. К. ОРГАНИЗАЦИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ НА ВСЕХ УРОВНЯХ ОБУЧЕНИЯ.....	151

Methodical bases of the educational process

Кенжебеков Қ.К. ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ ДАМУЫ МЕН БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУЫ	154
---	-----

Modern methods of teaching

Алматова Р. Қ. ,Әбдібек Данил ,Мусабаева Махаббат ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ҚОҒАМҒА ЖАТ ҚЫЛЫҚТАН ҚОРҒАУ	159
--	-----

LAW

The protection of copyright

Канатов Т.К. ОБЪЕКТЫ АВТОРСКОГО ПРАВА И СМЕЖНЫХ ПРАВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН И ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАНАХ	163
---	-----

PSYCHOLOGY AND SOCIOLOGY**General psychology**

Матаева Б.Ү., Абишова Маржан БҮГІНГІ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТІ.....	171
Матаева Б.Ү., Абишова Маржан МӘДЕНИЕТТІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ.....	174
Матаева Б.Ү., Болатханқызы Ж. ДІНТАНУ-ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ ӨРІСІ	177
Матаева Б.Ү., Пердеш Балнұр БУЛЛИНГТІҢ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯСЫНА ӨСЕРІ	182

Educational psychology

Рахиев Р.Б. ПЕДАГОГТЫҚ ҚАБІЛЕТТІҢ ПСИХОЛОГИЯҒА ҚАТЫСЫ	186
---	-----

TECHNICAL SCIENCE**Mechanics**

Бурдин И. В., Сенокосов Г.А, Демко А.Ю., к.т.н. Гурвич Ю.А. ПРИМЕРЫ РЕШЕНИЯ ЗАДАЧ СИНТЕЗА КИНЕМАТИКИ СЛОЖНОГО ДВИЖЕНИЯ ТОЧКИ ПО ТРЁХЭЛЕМЕНТНЫМ КРИТЕРИЯМ	189
CONTENTS.....	193

302526	*302601*	*302622*
302574	*302631*	*302298*
302274	*302598*	*302321*
302566	*302318*	*302356*
302620	*298127*	*302511*
302621	*301913*	*302613*
302625	*302587*	*302606*
302626	*302588*	
302534	*302600*	
302498	*302602*	
302589	*302603*	
302126	*302617*	
302604	*302623*	
302609	*302629*	
302594	*302572*	
302599	*302612*	